Китайские источники свидетельствуют о большом значении войлока в общественной жизни древних тюрков. Так, избранного кагана усаживали на белый войлок и символично семь раз обращали вокруг солнца, после чего он становился полновластным правителем. Согласно другому обычаю, авторитетные лица государства заворачивали избранного вождя в войлок и приносили его в новые владения. Древние обычаи также оказали влияние на церемонию возведения на престол монгольского правителя, который усаживался на коня и, проскакав на нем, восседал на престол, настил которого был сделан из нарядно украшенного войлока.

Итальянский путешественник Марко Поло, бывавший в Монголии в XIII в., сообщал, что татары (тюрки) делают раскладные настилы для палаток и повозок из войлока, который надежно защищает их от холода и дождя.

По словам русского историка В. Я. Владимирцева, в XIII в. - в период расцвета кочевья, широко использовались повозки и кибитки, покрытые войлоком. В своих исследованиях он отмечал, что персы в XVI в. восторгались великолепием дворцовых шатров на колесах, используемых тюрками. В XVI в. персидский историк Разбехани писал, что эти шатры изготавливались из войлока, снаружи украшались дорогой кожей, внутри их могли поместиться до 20 человек, а перевозило их множество запряженных верблюдов. В таких шатрах жили султаны и представители аристократии. Окна и двери в них украшались тончайшими узорами из войлока. Без сомнения, эти роскошные шатры считались венцом кочевой архитектуры /1/.

Из войлока делали подстилы, торбы, бурки, сапоги, шапки, настилы для шатров и повозок. Войлок был незаменим для людей, ведущих кочевой образ жизни. Он защищал от палящего солнца и от проливных дождей. Шатры из черного войлока в древности назывались "черными шатрами". В такой войлок при изготовлении его добавлялась шерсть черного цвета. Упоминание о "черных шатрах" встречается и в древнем тюркском эпосе "Дэдэ Горгуд". Фраза "агбан эвлер" - "белые жилища" указывает на шатры, сделанные из белого войлока.

Войлочное ремесло занимает видное место в культуре азербайджанского народа. Войлок широко использовался в ткацких центрах Азербайджана, расположенных на возвышенностях, и имел большую значимость для скотоводов, ведущих полукочевой образ жизни. Изготовлением войлока славилась Гарабах, Нахичевань и Газах. Несмотря на то, что эти территории были известны в качестве основных центров производства войлока, на всей территории Азербайджана

он являлся неотъемлемой частью быта кочевников, и их образа жизни. В течение всего года кочевые скотоводы жили в продолговатых, прямоугольных шатрах, они даже покрывали повозки войлоком. Обычно шерсть овец, остриженных в зимовьях, промывалась на яйлагах, расчесывалась и сортировалась по качеству.

Менее качественная шерсть использовалась для изготовления матрацев, из нее делался войлок, необходимый в быту кочевых скотоводов; из более качественной шерсти изготавливались ворсовые и безворсовые ковры, кроме того, из них пряли нити для различных ковровых изделий. В зависимости от назначения применялся либо простой войлок, либо украшенный красивыми узорами, которые можно назвать синтезом традиций, формировавшихся тысячелетиями. Они оставались неизменными при любой социально-экономической и политической формации, не искоренялись, а лишь немного видоизменялись. С годами совершенствовалась техника художественного исполнения и цветовая палитра. Узоры, украшавшие войлочные изделия, связаны с мировоззрением древних людей, с их пониманием окружающего мира. Встречаются также войлочные орнаменты, содержащие знаки различных племен и родов. Эти узоры веками отражали материальные и духовные ценности целого народа.

Система узоров, украшавших войлок, развивалась как в статичной, так и в динамичной форме. Статичная система узоров - самый ранний образец текстильного искусства, сохранивший в абстрактных рисунках следы древней культуры. Динамичность же объясняется развитием этого вида искусства, то есть новыми творческими поисками. Абстрактные геометрические элементы, преобладавшие в системе войлочных узоров на первых порах, перекликаются с растительными орнаментами, широко использовавшимися в более позднее время и с современными сюжетами.

В искусстве народов Узбекистана, Казахстана, Туркмении и Киргизии войлочное ремесло и поныне широко распространено. Войлочные узоры этих тюркоязычных народов перекликаются с произведениями народно-прикладного творчества азербайджанских мастеров. Есть сходство и в названиях орнаментов. В частности, в народе встречаются такие названия орнаментов, как "колесо Фортуны", "солнце", "птичье крыло", "рога барана", "птица Умай", "лепесток", "амулет", "гусиная шейка", "собачий хвост" и пр. Орнаменты, воплощающие в себе древние и современные памятники, сегодня являются ценными украшениями хранилищ. Некоторые образцы войлока и поныне хранятся в Музее азербайджанского ковра и народно-прикладного искусства им. Л. Керимова. Это образцы войлока, созданные профессиональными художниками в 1970 - 1980 гг., а также в начале XX в. в Газахе и Карабахе.

Образец войлока, созданный в начале XX в. гарабахскими мастерами, богат декоративным оформлением. Его поверхность изготовлена из коричневой шерсти, украшена красными и желтыми шерстяными нитями. Художественное оформление войлока напоминает ковровую композицию, то есть состоит из центрального поля, бордюров, основных и вспомогательных орнаментов. Основные элементы выполнены в форме орнамента "бута". Орнамент "бута", символизирующий священный огонь и другие вспомогательные элементы, крупных размеров из-за плотной фактуры войлока.

Образец войлока из Газаха украшен системой орнаментов в виде пересекающихся линий зеленого цвета, выполненных из войлока и крючкообразных элементов в каждом углу на фоне пурпурного поля. Эта композиция восходит к символизму и очень напоминает композиции войлочных изделий Киргизии.

Другой образец войлока - работа М.Ахмедовой. Он изготовлен в 1979 г. Продолговатый орнамент геометрической формы, украшающий данное изделие, является абстрактной темой, плодом фантазии художника. Композиция построена на сочетании архаичного и современного. Орнаменты в виде ромбов, треугольников, прямоугольников, кругов отражают мировоззрение наших древних предков времен фетишизма. Даже цветовая гамма представленного ковра придает ему вид старинного изделия. Войлок, изготовленный художником Р. Гелашвили в 1989 г., выполнен в том же творческом направлении. Мистические представления здесь воплощены в орнаменты, имеющие вид деревьев /2/.

В Национальном музее истории Азербайджана, хранящем этнографически и исторически ценные образцы народного искусства, хранится коллекция войлочных изделий, среди которых - седла, пастушьи япынчи разновидности сапог из войлока. Многие из них вышли уже из обихода.

Согласно информации, полученной автором этих строк во время экспедиции в селении Гарабаглар Шарурского района Нахичеванской Автономной Республики, в доме жительницы этого селения Туган Акперовой есть войлок, сделанный из овечьей шерсти осенней стрижки. По традиции, местные жители используют войлок только в качестве настила на пол. Такого рода ковры

украшаются стилизованно-геометрическими орнаментами в виде цветков и других элементов. Они прозваны в народе "прялка", "верблюжья шея" и пр. Орнаменты, украшающие войлочные изделия этого района, схожи с орнаментами джеджимов (безворсовых ковров) и ворсовых ковров Нахичевани. Растительные узоры воплощают богатую флору этого края и выполнены в реалистичном стиле.

В Нахичевани при украшении войлока нити окрашиваются только натуральными красителями. К примеру, бледно-желтый цвет получается из высушенных колосьев пшеницы, коричневый и красный цвета - из красного репчатого лука, желтый цвет - из желтого репчатого лука, зеленый и коричневый - из ореховой скорлупы, фишашковые оттенки - из розового стебля.

К сожалению, сейчас войлочные изделия утратили массовый спрос; и продолжателями этого дела все больше являются художники и народные умельцы. Теперь войлок больше используют для украшения сувениров, как элемент декора.

Наряду с многолетними научными исследованиями войлочного ремесла, в настоящее время в Азербайджане есть достойные продолжатели этого дела. Социально-экономические центры, занимающиеся развитием прикладного искусства в Баку, активно поддерживают войлочное ремесло.

За последние годы социально-экономический центр "Эко-Сфера" (неправительственная организация) осуществил программу "Стабильное развитие прикаспийских сообществ" при финансовой поддержке Европейского Союза (Европейский Банк реконструкции и развития) и Института Открытое общество - Азербайджан (Фонд Сороса). Согласно программе, Баку и пригород столицы - селение Кала стали базовыми объектами. В течение 15 дней там был проведен мастер-класс экспертом из Киргизии, где сотрудники Центра обучались различным способам изготовления войлока. На втором этапе проекта 8 сотрудников Центра из селения Кала и 10 сотрудников из Баку, создав предварительно все необходимые условия, приступили к производству войлочных изделий и сувениров. Отмечу, что нитки, используемые для вышивки войлочных изделий национальными орнаментами, были окрашены только натуральными красителями. Среди изделий из войлока - очечники, сумки, кошельки, нарукавники, футляры для телефонов, накидки, шапки и пр. Был также издан каталог готовых работ, согласно образцам которого принимались заказы на изготовление сувениров, охотно раскупавшихся членами Международного женского клуба и магазинами сувениров. Каждое оригинальное изделие имеет защиту авторских прав.

Надеемся, что столь трепетное отношение к древнему наследию позволит и в дальнейшем сохранить войлочное ремесло и популяризировать его среди наших современников /3/.

1. Система тюркских верований в целостной системе верований Евразии // Умид Нияйиш-Огтай. Баку, 2007 (на азерб. языке).
2. Тюркская мифология. Бахеддин Огел. Т. 1; 2-е изд. Баку, 2006 (на азерб. языке.)
3. Искусство стран Востока. М., 1986.

Резюме

Данная статья отражает важность изучения, освоения войлочного искусства и свидетельствует о большом значении войлока в общественной жизни древних тюрков.

Түйіндеме

Осы бап зерттеу, киіз өнердің игеруін маңыздылықты қамтып көрсетеді және ежелгі түріктердің қоғамдық өміріндегі киіздің үлкен мәні туралы куәландырады.

Summary

This article reflects importance of studying, development of left art and testifies to great value of felt in public life of ancient Turkic peoples.

МУЗЫКА САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жұмабай Гүлден 2 курс магистранты

«Құндылық» - деген ұғым философия, қоғамтану және педагогика сынды гуманитарлық ғылымдарға тән негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Мәселен, философияда құндылық дүниедегі объектілердің ерекшеліктерін адам мен қоғамға, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін көрсетету үшін қолданылады, яғни жақсылық пен жамандық, әсемдік пен көріксіздік т.б.

Сондай-ақ, құндылық қоғамдық сана ретінде қолданылады, яғни әділеттілік немесе әділетсіздік деп сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға береді, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді немесе кемшілікті жоюдың өлшемі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасында философтар мен алдыңғы қатарлы ойшылдар, педагогтар әрқашан бірінші орында адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді қарастырған.

Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері болып табылады. Адам құқығының адамгершілік мүмкіндігі басқа жалпыадамзаттық құндылықтар сияқты ғасырлар бойы жинақталып, жаңа үлгінің негізінде адамның мінез-құлқын реттеуші ретінде қызмет етеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады. XX ғасырдың соңында Халықаралық топ алғаш рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады. “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы”, “Баланың құқықтары туралы конвенция” және т.б., оларда тәрбиенің методологиясы мен теориясы, жаңартылған мақсат пен мүдделер қарастырылған. Онда халықтардың мұраттарын және рухани құндылықтарын дамытуда жаңа көзқарастарға негізделген халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар - адамның құқықтары мен бостандығы көрсетілген.

А.Г.Здравомыслов қоғамның рухани құндылықтарын қарастыра отырып, бұл ұғымға идея, мұрат, адамгершілік ережелері (өлшемдері), терең ғылыми білім, мәдениет пен еңбекті қоса енгізіп отыр. Сонымен бірге, ол құндылықты «заттардың әлеуметтік қасиеті көрініс табатын адамның рухани қызметінің ерекше нәтижесі» деп қарастырады. Автор, сондай ақ, «сезім мен ойлардың ерекше қосындысынан тұратын, өзінің бойына ғажайып үлгілерді сіңірген ерекше рухани мазмұн» екендігін атап көрсетті [1].

Тәрбие адамдарға тән әлеуметтік категорияға жатады және тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Тәрбие туралы түсінікке баланың жеке басының қалыптасуы мен дербес ерекшеліктерін ескерумен іске асырылатын толық қанды және толық құқылы тұлға тәрбиелеуге болады деп тануды талап ететін және педагогикалық процестің субъектісі ретінде тұлғаның қоғамдағы жаңа ұстанымы орнығады.

Тұлғаның «қалыптасуы» ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өз тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген, сонымен бірге құндылық атаулыны тұрақты тандай алу сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері жатады. Тұлғаның қалыптасуы – тұлғаның шындықпен өзара әрекеті барысындағы өзгеріске түсу үрдісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жаңаруындағы өзгерістердің пайда болуы.

Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтары мен сабақтан тыс уақыттағы іс-шараларды кіріктіре отырып жүргізу негізгі орын алады.

Мектеп оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтарына қойылатын талаптар бар. Мәселен:

- пән сабақтарының мектептегі және сыныптағы жүргізілетін тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық, оқушылардың іс-тәжірибесі;
- пән сабақтарының алдына қойған мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;
- сабақтың құрылымында тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұны оқушылардың адамгершілік іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен оқушылардың адамгершілік іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;
- пән сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезіміне ықпал ететін мазмұнның қамтылуы;

– сабақ үстінде оқушылардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, сабақтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуы керек;

Белгілі кеңестік педагог-ғалымдар А.Н.Леонтьев, А.В.Петровский, Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, т.б. оқушыларға тәрбие беруде, олардың бойында тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыруда пән сабақтарының мүмкіншілігінің мол екенін айтады [2].

Оқушыларға музыкалық білім беру - білім мен тәрбие берудің, олардың рухани дүниесін дамытудың маңызды бір бөлігі болып табылады. «Музыка» пәнінің негізгі атақаратын қызметі – қоғамның әлеуметтік сұранысына жауап бере отырып, оқушыларды ұлттық музыкаға баулу. Себебі, халықтық музыка фольклоры негізінде бала жүрегінде ұлтқа, елге, Отанға сүйіспеншілігі оянады, елжандылық қасиеті қалыптасады.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық ой-өрісін және жеке қабілеттілігін дамыту, халық музыкасы мен классикалық шығармаларды түсіне отырып, қабылдай алатын, музыка өнері арқылы әсемдікті, сұлулықты сезіне білетін, ішкі рухани дүниесі бай, жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Халық музыкасына құрметпен қарау, ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды қастерлеуге тәрбиелеу, қазақ музыкасы мен өнерінің өзара байланысын түсінуін қамтамасыз етеді.

Музыка сабақтары оқушылардың музыкалық мәдениетті, халықтың бай рухани мұраларын игеруге қызығушылығын тудырып қана қоймай, олардың бойында ұлттық құндылықтарды да қалыптастыруы тиіс. Музыкалық өнердің негізгі сипаттамаларын оның тарихи дамуында қарастыру оқушыларды орындау дәстүріне, халық музыкасының озық үлгілерінің ұрпақтан ұрпаққа берілуіне, жалғастығын табуына баулиды және бұл музыка сабағының мәнін анықтайды.

1. Қалиев С., Майгаранова Ш., т.б. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы. “Білім” 2001.
2. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана. “Елорда”, 2001.

Түйін

Аталған мақалада музыка сабақтары арқылы оқушылардың бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық негіздерін қарастырылған. Сонымен қатар, автор құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтардың орны мен қолданысын философиялық, өнертанушылық, мәдениеттанушылық аспектілердегі көрінісін анықтап саралаған.

Резюме

Педагогические основы формирования национальных ценностей у учащихся через музыкальных занятий. А так же автор определяет сущность и применение ценностей, общечеловеческие ценности в философских, культурологических, искусствоведческих аспектах.

Summary

Pedagogical basis, the formation of national values the students through music lessons. As well as the author defines the essence and application of values, universal human values in the philosophical, cultural, artistic aspects.

Студенттерге арналған Мүсін өнеріндегі үйлесімділік (композиция) негіздері

Даукенов С.- Абай атындағы ҚазҰПУ-ң көркем сурет факультетінің «Академиялық сурет және АПОӘ» кафедрасының аға оқытушысы

Бейнелеу өнеріндегі үйлесімділік заңдылықтарының біртұтастығымен қатар, әр жеке бейнелеу өнеріне тән өзгешеліктері бар. Бұл ерекшеліктер әр өнер саласына сай көрініс табады. Мысалы: графикалық туындылар, тірі жазу шығармалары қағаз немесе картон, кенеп бетінде бейнелеуге бағытталса, мүсін өнері көлемді бедер, толық мүсіндік туындыларды жан- жақты көлемді мүсіндеуге тіреледі. Графикалық тірі жазу (живопись) өздерінің үйлесімділік (композициялық) ерекшелігіне сай орындалса, мүсіндік шығармалар

бейнені көлемді орындауға міндетті етеді. Көлемді мүсіндер нақты қажеттілікке сай, бөлме ішінде, қабырғада, (интерьер) не болмаса алаңда (экстерьерде) орналасуы мүмкін. Графикалық тірі жазу (живопись) туындылары үйлесімділігін қағаз, кенеп бетінде тауып, заңдылықтарына сай орындалады. Ал мүсіндік үйлесімділік (композиция) да өз ерекшеліктеріне негізделіп түрлі талаптар мен заңдылықтарды қолдануды қажет етеді.

Студенттерге мүсіндік туындыларды орындауға қажетті үйлесімділік заңдылықтарын жүйелі түрде жеткізу керек. Осы мақсатта үйлесімділік оның маңызы, мақсаты туралы толық білімді беру басты міндет.

Мүсіндегі үйлесімділікті игеру студенттердің сурет, пластикалық анатомия, өнер тарихы тағы да басқа білімдерге, соның ішінде дүниежүзілік таным шеңберіне философиялық, этникалық ерекшеліктер т.с.с. Көптеген аспектілер студенттің шығармашылық (творчестволық) ізденіс қабілеттілігін арттырады.

Мүсін өнеріндегі үйлесімділік бедер, көлемді мүсіндік туындылардың әртүрлі шешімдерін табуға көмектеседі.

Мүсіндік туындыны орындау өте күрделі процесс, ол барлық шығармашылық шеберлікті, жұмысты орындаудағы жүйелілікті талап етеді. Үйлесімділік шеберлігіне жету үшін күнделікті өмірді зерттеу арқылы қажетті бейнелер мен түрлі тақырыптық ізденістерді таба білуі керек.

Мүсін пәнінде мүсіншілерге қажетті шеберлік шыңдалса, сурет сабақтарында көлемді денелерді қағаз бетіне сауатты үйлесімділікпен, рендік шешімін табуға үйретіледі.

Мүсіндік үйлесімділік ізденіс кезеңі суретші-мүсіншінің өз ойын қағаз бетіне түсіруден басталады. Суретшілік шеберлігі мүсіншіге ауадай қажет. Студенттер мүсінді игеру барысында пластикалық анатомия сурет пәнімен сабақтасқан кезде, салынған суреттің қағаз бетінде кеңістікте орналасуын ескеруіне негіз болады. Студент бассүйекті балшықтан мүсіндеген кезде оның көлемін жан-жақты көрік зерттейді, оны қағаз бетіне бейнелеген кезде осы көлемді саналы түрде ескеріп отырғаны оған көмегін тигізеді.

Сурет пәнімен қатар мүсіншіге (стилизация) сәнді түрлендіру тәсілінің үйлесімділік, құрылымдық негіздерін білгені аса қажетті. Сәнді түрлендіру (стилизация) – дегеніміз, таңдап алған бейнені (аң, құс т.б.) суретке салып, оның құрылымдық ерекшеліктерін талдап, бірнеше сәнді бөліктерге бөліп, әр бөлікті өзіндік ерекше қалыпқа келтіру, осы жеке бөліктерді нақты бейне тұлғасына орналастыру арқылы сәнді түрлендірілген (стилизацияланған) аң немесе құс бейнесін мүсіндеу. Студент тапсырманы орындаған кезде осы жоғарыда айтылған талаптардан хабары болуы тиіс.

Мүсіндік үйлесімділікті жүйелі түрде оқытып, оны нақты игерудің жолдарын белгілеуге болады. Ол үшін студенттерге шығармашылық жобалау принциптері мен методтарға үйрету керек. Тапсырманы орындау заңдылықтары мен қойылған үйлесімділік талаптарын орындау мүсіннің (конструктивтік) құрылымдық, технологиялық орындалу бағытын (функционалдық), қандай материалдан орындалатынын жан-жақты (комплекті) ескеруді қажет етеді. Бұнымен қатар мүсіндік шығарманың өлшемін, айнала ортамен байланысын, ритмдік, контрастік, әсіресе пластикалық ерекшелігін сомдау басты міндеттер екенін ұмытпау керек. Мүсіндік форманың қандай материалдан жасалатын ізденіс кезінде ескерілуі тиіс, (мрамор, гранит, қола, алюминий т.б.) соған байланысты үйлесімділік ерекшелігі белгісін табады.

Сабақтар барысында студенттер үйлесімділік заңдылықтарын іс жүзінде игереді. Практикалық сабақтар мынадай жүйеде жүргізіледі:

• Тапсырма бойынша түсініктеме, үйлесімділік заңдылықтары, өлшем, ритм, контраст сәнді түрлендіру, мүсіннің қай материалдан орындалатын ескерту.

- Тақырыпқа сай қағаз бетіндегі нобайлар сызу арқылы ізденістер. (бірнеше вариант). Нобайды бекіту.
- Талданып, нақты белгіленген нобайға байланысты пластилинмен бастапқы нобайды мүсіндеу.
- Жан-жақты өңделіп нақты таңдалған мүсіндік шешімді балшықтан қажетті өлшемде орындау.
- Аяқталған жұмысты тиянақтап, қажетті түзетулер енгізі, қалып құюға дайындау.
- Дайын үйлесімділігі табылған мүсіннен қалып алу.
- Алынған қалыпқа гипс құю арқылы балшық мүсінді нақтылау, қалыптан босату.
- Гипс моделін өңдеп, мүсінді қажетке сай безендіру (бояу).

Осы жүйелі талаптарға сай әр автор өз шығармаларын дүниеге келтіре алады.

Өнер туындыларының шешімін табу кезінде «композиция», «құрылым», «конструкция» «функционалдық» деген ұғымдардың байланысын ескеру.

Композиция курсын арнайы оқыту пәндерімен байланыстыру. Бұл дегеніміз композициялық өнер тарихы, шығармашылық психологиясымен, сурет өнерімен ұштастырып зерттеумен жүзеге асырылады.

Туындының композициялық шешімін іздену кезеңінде оның ақырғы технологиялық негізін де естен шығармау керек. Осыдан келіп: композиция тақырыбы, неден жасаланытыны (тас, бетон, қола, гипс, мрамор, гранит, ағаш т.б.); өлшемі; түсі; қоршаған ортамен байланысы келіп шығады.

Тағы да ескерілетін жай туындының қоршаған ортадағы алатын орны, оның қажеттілігі, соған байланысты: туындының көлемі, массасы, құрылымы болып табылады.

Композициялық шешімін кезеңі туындының көрермендердің көру технологиясын ескеруді де қажет етеді, себебі өнер туындысы қай жерде орналасады, кеңістіктегі сенімді қабылдануы жан-жақты, көріністік иллюзияларды ескеру, оның константы немесе басқаша көрінетін де ойдан шығармау.

Туындының көркемдік шешімі, оның шынайылығы. Бейненің жалпылығы, жеке бөліктермен толық байланысы. Объективті және субъективтіліктің бірлігі, рационалдылық пен эмоционалдылық ұштастығы.

Туындының эксцентрілігі – немесе бейненің әсерлік қасиеттері: бейненің жағымды немесе жағымсыз әсері.

Белгінің немесе композициялық топтың сыртқы көрінісі. Контрастылық пен қарама-қайшылықтардың тепе-теңдігі, осылардың қосындысы өнер туындысын қабылдаудың ұстамдылығы мен әсерлігіне алып келеді.

Композиция туындының пластикасын, бірнеше бұйымдардың біртұтастық шешімін, бейнелердің әуендік аккордын шебер байланыстыруды да талап етеді.

Ерекше ескеретін жай, қажет кезінде туындының сәндік безендіру біртұтастығын, яғни стилистикалық бірлестігін де есте ұстау болып табылады. Бұл өрнектік мақалада болуы мүмкін. Бұл кезде стилизация (бұйымды сәнді өрнектеу) да өз шешімін сауатты табуы тиіс.

Ең негізгі талаптардың бірі ретінде композициялық туындының ұлттық нақыш-нышанын табу дей аламыз. Осыған сай түс те, ритм-ырғақ та, туындының барлық сапалық, эмоционалдық, эстетикалық тағы да көптеген параметрлері тоғысады.

Мүсіндік композициясы – студенттердің шығармашылық дайындықтарын жоғарғы оқу орнында оқыту жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл оқыту процессін ғылыми негіздермен байланыстыруды талап етіп, жоғарғы маман дайындаудағы жүйелікті. Студенттерді композициялық (үйлесімділік) біліктілікке баулу шығармашылық күрделі туындылардың шебер, жан-жақты сауатты, ерекше, жаңа шешімдерін табуға бағыттау, болашақ маманның

Жоғары оқу орыны мүсіншіні жеке шебер творчестволық тапқыр маманды қалыптастыруға ат салысады, бұл дегеніміз болашақ маман өзінен архитектордың, ғалымның, инженердің творчестволық жұмысты басқарушының қасиеттерін ұштастыр алуы тиіс деген сөз. Мүсінші сурет қоғамның жинақталған мәдени-тарихи, этникалық және де басқа белгілерін көре біліп, талдап өз туындылары арқылы көрсете білуі тиіс. «Композиция» латынның «compositio» - құрастыру, байланыс деген ұғымынан алынған.

Композиция – бұл формалардың біртұтас көркем – шынайы жүйесі, ол көркем туындының функционалды, құрылымдық технологиялық талаптарына жауап беретін нақты ұғым.

Үйлесімділік заңдылықтарын игеру мақсатында бірнеше тапсырмалар орындауға болады. Бұл тапсырмалар жайдан күрделіге өту негізінде құрастырылған. Ең бастапқы тапсырма натюрморт жанрына арналған. Жұмыс барысында бірнеше натюрморттық жанрда барельефтік плакеткалар орындауға болады.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки студентов на занятиях скульптуры. А так же автором анализируется основы композиции в скульптурном и пластическом искусстве

Түйін

Автор мақалада мүсін сабағында студенттерді кәсіби тұрғыда даярлау мәселелерін қарастырған. Сонымен қатар мүсін және пластикалық өнердегі композиция негіздерін терең талдап көрсетеді.

Summary

Discusses the training of students in the classroom. And as the author examines the basics of composition in sculpture and plastic arts.

Офорт техникасындағы түсті офорт мәнерін тәжірибеде үйрену жолдары

М.Ғ-М.Канленов – Абай атындағы ҚазҰПУ көркемсурет-графика факультетінің графика және дизайн кафедрасының аға оқытушысы

Түсті офорт өзінің көркемдік ерекшелігімен және техникалық күрделілігі бойынша офорттың жеке түрі болып қарастырылып ерекшеленеді. Түсті басылым офорттың барлық мәнері бойынша авторлық болып есептеледі. Түсті офорттың негізгі мақсаты - бірнеше тактадан тұратын басылымның ерекше шешімін тауып көптеген түстерді шығармашылық тұрғыда байланыстыру/1/.

Түстерді табу барысында көркем сәнділікке айналдырып жіберуден сақтану және түсті офорттың шарттарын сақтауды қадағалау керек. Түстердің ерекшелігін табуда әртүрлі мәнерлерді араластыру арқылы да шешуге болады. Керекті түстер шешімін дәл табу, бірнеше түсті такта басылымдарымен тығыз байланысты. Осы басылу әдістерінің ерекшелігін түсіну үшін металдың ойылуы, түстердің үйлесімділігін сәйкестендіру жолдарымен жұмыс жасап іздену керек.

Түсті офорттың дамуы: Металда орындалатын түсті офорт XVII ғасырда Еуропада пайда болып, XVIII ғасырда өрлеу кезеңі болды. Түсті офорттың даму ортасы Англия мен Франция болып саналады. Сол кезде түсті офорт екі бағытта дамыды, ол шығармашылық және баспа жолдары.

XVII ғасырдың аяғында голланд суретшісі Г. Зегерс өзінің түсті офорт жұмыстарымен таңғаларлық туындылар орындады.

XVII ғасырда мецо-тинто әдісінде бір тактадан бірнеше түстер беру арқылы түсті ойылымдар қарқынды дамыды, бұл техникада ағылшын суретшілері Ф. Бартолоцци және У. Райланд ерекше еңбек етті.

1711 жылы француз суретшісі Ж. Леблон түсті офорттың бірнеше тактамен орындалатын жаңа түрін ойлап тапты. Бірнеше тактамен орындалу әдісінде офорттың әртүрлі мәнерін қолдануға болатыны анықталды.

Офортта бірнеше тактамен күйдіру және құрғақ ине арқылы Рафаэлли көптеген шығармашылық жұмыстар орындады. Сонымен қатар жұмсақ лак, акватинто, лавис мәнерлерін қолдана отыра Пикассо да бірнеше жұмыстар жасаған.

Түсті офорт суретшілердің шығармашылық жұмыстарын түрлендіріп небір ғажайып көріністер орындауға мүмкіншілік береді.

Эскиз дайындықтары: Түсті ойылымды орындау үшін эскиздік жұмыстар арқылы қанша түсте және неше тактадан тұратынын анықтап алу қажет. Түстердің үйлесімділігі және қай түс бірінші басылатыны ажыратылады. Түстер өз орнына дәл түсу үшін әр эскизде қағаздың шетіне белгі салып отырады.

Офорт тактасы 1-1,5 мм. қалыңдықта болғаны дұрыс. Егер такта қалың болса, тактадан басылым алғанда станоктың қатты қысымынан қағаз жылжып және созылып кетеді.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында түсті офортқа Ресей суретшілері де қызығушылық танытып, жұмыс жасауға ден қойды. Осы кездері күйдірілген сызық және акватинто мәнерінде ерекше құнды, жақсы жұмыстар жасаған суретшілер М.Якунчикова, Овсянников, М.Добров, Щусев болды. Ал 1920-шы жылдардан бастап Кеңес кезеңіндегі суретшілер де түсті офорттың құндылығын жоғалтпай көптеген жұмыстар орындады. Соның ішінде осы түсті офорттың көркемдік ерекшелігін терең ашуға мән қойған суретшілер Н.Пискарев, Д.Кутателадзе, С.Шор, Пащенко, В.Толли және Тихемец т.б. болды.

Қазіргі заманда түсті офорт лайықты деңгейінде өз орнын ала алмауда, оның себебі: кейбір суретшілер офорттың жеңіл әдістерін қолданып, үстіртін жұмыс жасап офорт техникасының тазалығын жоғалтуда. Терең басылымның көркем мәнерлігін, сонымен қатар графикалық мәдениеттілігін, металл басылым тактасының өңделу техникасын толық зерттеп меңгеріп игермеуі.

Арнайы түсті офортқа жасалған эскиздер ерекше маңызды. Мұнда түсті офорттың композициялық шартты шешімдерін дұрыс табу қарастырылуы керек. Эскиздің бастапқы орындалу кезеңінен бастап негізгі түстермен, негізгі рендерді табу жұмысты жеңілдетеді. Эскизді ойластыру барысында суретші түсті офорт жоспарын құрады.

Офорттың қандай мәнерінде жұмыс орындалатынын ескере отыра бояудың және баспа тактасының қанша түрін қолданатынын анықтау. Такталардың реттік орындалуын анықтау. Осы орындалған шарттар бойынша алдымен бейнеленген суреттердің кескін сызық түрлері күйдіріледі.

Суреттің құндылығын жоғалтпау үшін басылым тактасының қозғалып кетпеуін қадағалау. Ойластырылған композицияның қателіктерін түзеп көріністің негізгі нұсқасын калькаға аударамыз. Әр тактадағы эскиздер бір-бірімен беттесу үшін суреттің қарама-қарсы ұштарынан белгі салу керек. Осы белгілер барлық калькаларға белгіленуі қажет.

Металл тактасын дайындау: Ойластырылған ой мен орындалу мәнері бойынша металл тактасы таңдалады. Түсті офортқа қолайлы металл - мыс немесе болат, бұл металл түрлері

тақтадағы бояуды сұрткенде химиялық және механикалық әсерге жылдам берілмейді.

Тақталар керекті өлшемде бір-біріне сәйкес және бірдей кесіліп алынғаннан кейін тақтаның қырлары өңделіп, беті сызықтар мен дақтардан тазартылады. Тақта бетіндегі сызықтар мен дақтарды алдымен құмқағазбен тегістеп тазалап, содан кейін пастагой жағып киізбен жылтыратып тазартамыз. Тақта бетіне төсем жасалады.

Тақта бетіне суретті аудару: Түстердің сәйкестігіне байланысты төсем жасалған тақта бетіне нұсқаны аударамыз.

Түсті офорт өте ұқыптылықты талап етеді. Басылым тақтасын дайындаудан бастап басылым алғанға дейін жұмысқа зейін қойып ұқыпты орындау керек. Сәл ұқыпсыздық немесе дәлсіздік суреттің қисайып кетуіне әкеліп соғады.

Ойылу ерекшелігі: Түсті офорттың күйдірілуі мен басылым алынуы ақ-қара басылымға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар. Бұнда түсті офорттың кей түстері үлкен дақ басылымдарын алғанда айқын түстер бере алмайды. Сол себептен тақтаны күйдіру кезінде әр түске арналған тақтаның өзіндік күйдіру уақытын зерттеп біліп алған дұрыс. Түсті офортта өзіндік күйдіру өлшемі болады. Ең дұрысы әр түске, түрлі сызықтар мен мәнерлерге арналған күйдіру уақыт өлшемін анықтап алған дұрыс. Жұмыс барысында байқау басылымын алып анықтауға да болады.

Түсті офорттың ойылу және басылым алу әдістерінің көптеген түрі бар, бұл жинақталған көпжылдық тәжірибенің нәтижесі.

Металда орындалған түсті офорт басылымдарының әдіс-тәсілдері арқылы өнерде көркем, құнды жаңалықтар ашылды. Қазіргі заман суретшілері өткен ғасырларда орындалған жұмыстардың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жаңаша жолдар тауып түсті офорт техникасын жандандыруда.

Бірнеше тақтадан тұратын түсті офорт: Бірнеше тақтадан тұратын түсті басылым өте күрделі, бірақ бұл әдіс түсті офортты орындауда ең тиімді. Әр түске арнайы жеке тақталар ойылады, тақталарды басылым қағазына рет-ретімен дәл келтіре отыра түсті басылым алынады. Кей жағдайларда бір түстің үстіне екінші түс басу арқылы үшінші бір түс алуға болады. Әр тақтаның қандай мәнерде орындалатынын негізге ала отырып, бірнеше тақтадан тұратын түсті офортты орындайды.

Түсті офортта, түстердің үйлесімділігін табу жолдары әртүрлі болуы мүмкін.

а) Таза сызық мәнерінде (күйдірілген сызық, жұмсақ лак, құрғақ ине, резерваж-каламұш т.б.) барлық тақталар бір немесе түрлі сызықтардың үйлесімді шешімінде орындалады;

б) Жазықтық бетіндегі сәнді орындалудың (акватинта, резерваж-қылқалам, лавис, меццотинто т.б.) барлық тақталары айтылған мәнердің бірінде немесе түрлі үйлесімді ойылу әдісінде орындалады.

Түсті офорттың ойылу жолдары мен түстік үйлесімділігі әртүрлі. Офортты жаңадан бастап үйренушілер офорттың қарапайым, жеңіл жолдарынан бастаған дұрыс.

Сызықтық түсті офорт: Түсті офорттың кең таралған мәнерлерінің бірі – күйдірілген сызық пен жұмсақ лак. Олардың орындалуы қарапайым және түсті басылымға шыдамды. Резерваж мәнерінің орындалу жолдары да осыларға ұқсас және сапалы болып келеді.

Құрғақ ине мәнері көп мөлшерде басылым алуға шыдамайды, сондықтан таза басылымды бірден басып алуға әрекеттену керек. Көп мөлшердегі басылымды алу кезінде станоктың қысымы азайтылып реттеліп отырылады.

Түсті офорттың екі түрлі ойылу мәнері болады:

а) Бірінші тақтада көріністің кескін сызықтары нақты көрсетіледі де, қалған ойылған тақталар көмекші түс береді.

б) Жұмсақ лак мәнерінде орындалу пастель немесе түсті қарындашпен орындалғандай нәзік көрініс береді. Осы мәнерде орындау көп түс қолдануға ыңғайлы және заттардың көлемін шығаруға жеңіл.

Түсті акватинта: Акватинта мәнері түсті офортта жие қолданылады. Санаулы тақталар арқылы әдемі сәнді түстер шығаруға болады.

Әдемі реңдік көріністерді табу үшін әртүрлі дақтары бар басылым тақтасын рет-ретімен басу арқылы көп түстер шығарылады. Түсті акватинта офорттың барлық сызықтық мәнерлеріне үйлеседі.

Түсті офортты кәсібей тұрғыда басып алуды үйрену үшін алдын-ала әртүрлі мәнерде орындалған басылым тақталарынан қағазға дұрыс басып шығару жаттығуларын жасап үйрену керек. Тақталардың басылымын алу барысында алдымен ашық түстер соңында кескін сызықтар

басылады.

Түсті офортта көптеген басқа да әдіс-тәсілдер пайданылады, сонын бірі әртүрлі түстерге линолиумнан дайындалған тақталар қолданылады. Линолиумнан дайындалған тақталар тұтас бір ренді немесе түсті бере алады, сондықтан бұндай тақталарды үлкен дақ түстерін беруге арнайды.

Басылым түрі: Басылым алу алдында тақталардың беті майдан скипидармен тазартылады. Тақталар басылу ретімен белгіленіп қойылады да, әр тақтаға арналған бояулар езіледі. Арнайы былғарыдан жасалған тампонмен бояуды сызықтарға тығындап жағады. Тақтаның беті жылтыратылып тазаланады, сызықтар арасында қалған бояу станоктын қысымы арқылы қағазға басылып шығады. Қағаздағы бояу кепкеннен кейін үстіне екінші түс басылады.

Түсті офорттың түрлі мәнерін игеру және әр мәнерді бір-бірімен үйлесімді байланыстыру офорт үйренушілердің алдына қойған негізгі мақсаты болып есептеледі.

Түсті офорттың орындалуы қиын болғанына қарамастан көптеген суретшілер өздерінің негізгі шығармашылық туындыларын осы эстамп түрінде орындауда.

Түйін

Бұл мақалада офорт техникасындағы түсті офорт мәнерінің ерекшелігі қарастырылады. Автор болашақ графиктерге кәсіби деңгейде білімін ұштауға бағыт береді. Офорт, графика техникасындағы қызықты бір сала оны автор толық ашып көрсетіп отыр.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности техники выполнения офорта, в частности манеры цветной офорт. Автором выделены необходимые профессиональные навыки и умения будущих графиков. Техника офорт автором рассматривается как одна из интересных и насущных техник графики.

Summary

This article discusses the features of the technique of etching, in particular manners colored etching. The author provided the necessary professional skills for future graphs. Technique of etching the author is considered to be one of the interesting and pressing techniques.

РОЛЬ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В КУЛЬТУРНОМ РАЗВИТИИ СРЕДНЕЙ АЗИИ

С.С. Киргизбекова - ст. преподаватель кафедры «Графики и дизайна» ХГФ КазНПУ имени Абая

Название "Великий Шелковый путь" связано с драгоценным в те времена для стран Запада товаром - шелком. Но было бы несправедливо сводить значение Великого Шелкового пути в истории мировой цивилизации исключительно к торговле шелком. Его роль была значительно шире и разнообразнее, ибо по нему проходили караваны не только с различными восточными и западными товарами, но проникали и духовные ценности, религиозные идеи.

Культурные, духовные, политические и экономические связи так же, как системы определенных караванных дорог, соединяющих различные страны и историко-культурные области Ближнего и Среднего Востока, начали осуществляться, по-видимому, уже в эпоху неолита, в период сложения раннеземледельческих культур и получили широкое развитие в цивилизациях эпохи бронзы. Об этом свидетельствуют разнообразные находки, чаще всего украшения и предметы утвари, далеко от мест их происхождения.

Впервые в истории человечества на гигантских просторах от Средиземноморья до Тихого океана Великий Шелковый Путь соединил различные страны и народы, связал их материальную, художественную и духовную культуры. Многие века по этому пути осуществлялся обмен идеями, технологиями, ремеслами, верованиями. В хрониках запечатлен подвиг отважных первопроходцев,

преодолевавших пустыни и горы в поиске неведомых стран, сокровищ и приключений. Путешественников не пугало ничто - ни многотрудный путь, занимавший долгие годы, ни грозные, воинственные кочевники, нападавшие на караваны, ни безводные азиатские пустыни, в которых песчаные бури нередко так заносили дороги, что их направление можно было отыскать только «по костям людей и животных» /1/.

Выдающуюся роль в соединении двух великих цивилизаций - западной и дальневосточной сыграли народы Средней Азии (Центральной Азии), которые, несомненно, являлись проводниками, как той, так и другой стороны. Спустя некоторое время по Великому Шелковому пути пойдут, как об этом свидетельствуют китайские и греко-римские источники, торговые караваны и дипломатические посольства.

Великий Шелковый путь был не только дорогой торговых караванов, а и дорогой этнических миграций. Именно по ней, начиная с I-го тысячелетия до нашей эры, с Востока на Запад шли бесчисленные потоки кочевых племен: скифы, сарматы, гунны, авары, болгары, мадьяры, печенеги.

Начало возникновения Великого Шелкового Пути относится ко второй половине 2 века до н. э., когда дипломат Чжан Цзянь впервые открыл для китайцев Западный Край - страны Средней Азии. Тем самым были соединены в одно целое две великие дороги - одна, шедшая с Запада из стран Средиземноморья в Среднюю Азию, разведанная и пройденная эллинами и македонянами в процессе походов Александра Македонского и селевкидского полководца Демодама, вплоть до Яксарта (Сырдарьи), и другая, ведущая с Востока, из Ханьской Империи в Среднюю Азию.

Понятие «Великий Шелковый Путь» связано с драгоценным в то время товаром - шелком, познакомившим два разных мира: Запад и Восток. Впервые этот термин употребил в 1877 г. немецкий ученый Фердинанд Рихтгофен в своем классическом научном труде «Китай»/2/. Так он назвал систему дорог, связывавших различные части обширного евразийского материка.

Шелковый путь оказал огромное влияние на формирование политического, экономического, культурного устройства стран, через которые он проходил. Вдоль всех его маршрутов возникали крупные и малые торговые города и поселения, и особенно испещренной караванными путями была Центральная Азия. Этот регион пересекали десятки торговых маршрутов. Здесь происходили важнейшие этнические процессы, активное взаимодействие культур, осуществлялись масштабные торговые операции, заключались дипломатические договоры и военные союзы. Народам этого региона принадлежит выдающаяся роль в распространении буквенного письма и мировых религий, многих культурных и технических достижений в страны Внутренней Азии и Дальнего Востока.

Особую роль сыграла эта торговая, культурная и политическая дорога в становлении и развитии древнего города – Самарканда.

Через Шелковый путь в V веке была осуществлена первая греческая миграция в Центральную Азию. Об этом свидетельствуют древнегреческие историки Геродот, Ксенофонт и другие. В частности, через перевал Тахтакарача проходил самый короткий путь в Бактрию и далее на Запад.

Удобное географическое расположение Самарканда на перекрестках главных торговых дорог Средней Азии было одним из факторов развития города как крупного торгово-экономического центра региона. В древнекитайских источниках Самарканд описывается как крупный торговый город.

Самарканд описывался как крупный торговый город и в средние века. По другим источникам Самарканд является первым городом, где были построены специальные крытые базары. Причем эти крытые торговые учреждения были специализированы для реализации товаров по отраслям ремесленничества (золотошвейников, изделий из каракуля, шелка, металлочеканки и т. д.). Самарканд имел четверо ворот, символизирующих направления связей города.

Великий Шелковый путь начинался в Риме и через Средиземное море выходил к сирийскому городу Гирополлю, а оттуда через Месопотамию, Северный Иран, Среднюю Азию вел в оазисы Восточного Туркестана и далее в Китай. Среднеазиатский участок начинался в Арее (Герат). Отсюда дорога отклонялась на север и шла в АнтиохиюМаргианскую (Мерв), отсюда на юго-запад к Бактрии, а затем шла в двух направлениях - на север и восток. Северная дорога пересекала Окс (Амударью) в районе Термеза (древняя Тармита) и далее

расходилась по двум направлениям: от Термеза и переправ Шураб, Чушка-Гузар и Кара-Камар по долине р. Шерабад выводила к Железным Воротам, расположенным в Западном Гиссаре, в 8 километрах к северо-западу от поселения Дербент (Дарбант).

Другое направление этой дороги от Тармиты по долине Сурхандарьи шло в страну, населенную комедами (области, находившейся в Каратегине), далее доходила до Каменной Башни (Алайская долина), после которой дорога выходила за пределы Средней Азии в Восточный Туркестан.

Третья трасса Великого Шелкового Пути - Степной Путь, проходил к северу от Средней Азии. Он начинался в городах Северного Причерноморья, далее - через крупный античный город Танаис, расположенный в низовьях Дона, пересекал южнорусские степи, Нижнее Поволжье, Приаралье, а затем через южный Казахстан выходил на Алтай и Восточный Туркестан, где соединялся с основной трассой Великого Шелкового Пути. Одно из ответвлений этой дороги от Северного Приаралья через Хорезм шло в Согдиану и далее на юг/3/.

Большое значение для развития экономики и культуры Западного Согда имела бухарско-самаркандская трасса Великого Шелкового Пути и ее региональные ответвления. Все они окончательно сложились в конце V - начале VI вв. Новый отрезок Великого Шелкового Пути, пролежавший по левобережью Зеравшана, был гораздо более удобным и эффективным, нежели старый маршрут (через верховья Амударьи). В дальнейшем он стал основным и за ним закрепилось соответствующее название - «Шахрох» («Главный путь»). С переносом основной трассы Великого Шелкового Пути в долину Зеравшана сюда сместился также эпицентр экономического и культурного прогресса в масштабах всей Средней Азии.

Великие торговые города, такие как Кашгар, Коканд, Самарканд, Бухара, Хива, Куня-Ургенч, Мерв и Нишапур, возникли на пересечении Шелковых путей. Связывая Турцию, Кавказ, Западный Китай, Иран, Афганистан и Индию, караванные тропы превращали их в одну огромную культурную и экономическую зону. Свободные передвижения людей и идей по этой территории способствовали появлению ряда выдающихся энциклопедистов, ученых, поэтов и философов и их школ - Ибн Сино, Беруни, аль-Фаргони, аль-Хорезми, Рудаки, Навои/4/.

Великий шелковый путь стал каналом, по которому шел постоянный обмен культурными достижениями – новыми товарами, знаниями и идеями.

Функционирование Великого шелкового пути привело к знакомству разных народов с новыми потребительскими товарами. От распространения новых товаров как формы культурных контактов в наибольшей степени выигрывала Западная Европа. Шелковые ткани повышали личную гигиену европейцев, избавляя их от вшей. Пряности широко использовались для изготовления лекарств и для консервации продуктов длительного хранения. Бумага, изготовленная по рецептам из Китая и Средней Азии, начала вытеснять пергамент и папирус, удешевляя тиражирование рукописных книг.

По Шелковому пути распространялись не только сами товары, но и информация об их производстве и существовании. Первоначально шелк производили только в Китае, но уже в 1–2 вв. н.э. шелководство проникло в Восточный Туркестан, в 5 в. – в Иран. В 6 в. император Византии смог организовать шелководство в Греции, уговорив, согласно легенде, монахов-путешественников тайно привезти ему в полой посохе яйца тутового шелкопряда. Покупая сначала бумагу у купцов с востока, европейцы также стали с 13 в. изготавливать ее самостоятельно.

Некоторые новые товары возникли в результате своего рода «коллективного творчества» разных народов Шелкового пути. Так, порох открыли в Китае в 9 в. В 14 вв. было изобретено оружие, стреляющее при помощи пороха, – пушки. Место и время их изобретения точно неизвестны – специалисты называют и Китай, и арабские страны, и Западную Европу. Информация о новом виде оружия быстро прошла по Шелковому пути, и уже в 15 в., до эпохи Великих географических открытий, артиллерию применяли во всех странах Евразии, от Европы до Китая.

Таким образом, если Запад в ходе культурных контактов по Шелковому пути заимствовал в основном промышленные «новинки» то Восток – сельскохозяйственные. Это демонстрирует существовавшее ранее технологическое превосходство Востока над Западом, которое сохранялось до 18–19 вв. Некоторые технические секреты восточных ремесленников (булатное оружие, фарфоровая посуда) европейцам в эпоху функционирования Шелкового пути перенять так и не удалось.

В результате функционирования Великого шелкового пути впервые в истории проявилась тенденция к сближению культур в процессе интенсивных и регулярных мирохозяйственных

связей. Вдоль всего маршрута Великого шелкового пути происходила постепенная унификация культурных компонентов. Исследователи отмечают, что в торговых городах Азии даже выработались общие черты планировки храмов, хотя они и принадлежали разным конфессиям.

Это сближение, однако, оставалось только тенденцией. Заимствование культурных достижений было ограниченным. Например, такие изобретения китайцев, как книгопечатание и бумажные деньги, не стали объектом заимствования даже в близких к Китаю азиатских странах Шелкового пути. Совершенно не перенимались инновации в социально-экономической сфере. Европейцы проявляли к изучению стран Востока гораздо более активный интерес, чем жители стран Востока – к Европе.

Развитие и закат Великого Шелкового пути зависели как от экономических, так и от политических факторов.

В товарообмене между Востоком и Западом товары шли в основном с востока на запад. Покупательская способность европейцев была нестабильной. В Римской империи периода ее расцвета шелковые ткани и другие восточные товары пользовались огромным спросом. Упадок античного общества и натурализация хозяйства стран Западной Европы привели к тому, что товары с Востока стали доходить, как правило, только до Византии. Лишь в период зрелого феодализма, с 11 в., в Западной Европы снова стали активно покупать восточные товары. Поскольку на Великом шелковом пути потребителями товаров были также страны Ближнего Востока и Индии, этот путь не замирал даже в раннее средневековье. После арабских завоеваний восточные товары стали потреблять на *всем южном Средиземноморье, вплоть до Испании*.

ЮНЕСКО - организация ООН по вопросам образования, науки и культуры, включила в список **Всемирного наследия** целый ряд уникальных объектов Центральной Азии, в том числе хивинский комплекс Ичан-кала, исторические центры Бухары, Самарканда и Шахрисабза. Теперь они находятся под защитой международного сообщества, которое оказывает помощь в их реставрации и сохранении для грядущих поколений./5/

Сегодня разработаны и действуют сотни маршрутов на всех континентах. Однако один из самых привлекательных и самый длинный в мире, имеющий протяженность 12 800 км, - Великий Шелковый Путь. Эта дорога, которая тысячи лет связывала Восток и Запад как двухсторонняя река цивилизации. К экспедициям торговцев, миссионеров и географов прошлых веков сегодня присоединились и туристы. Во многом благодаря организации маршрутов по Великому Шелковому Пути большая часть человечества ныне получила прямой доступ к глобальному наследию, не ограничиваясь географическими пределами.

1. Абдурахимова Н.А., Рустамова Г. Великий Шелковый путь – Т.: 1999.
2. Агзамходжаев С. История развития Туркестана. – Т.: 2002.
3. Алимова Д. Великий путь, соединяющий страны «Народное слово» 6 марта 2003.
4. Голованов А.А., Алимова Д., Нуриддинов Э. История развития Средней Азии. 2006.
5. Халиков С. История Великого Шелкового Пути – 2006

Резюме

Великий шелковый путь представляет уникальную культурную ценность для человечества. Поэтому уделяют особое внимание не только его изучению, но и сохранению огромного наследия, оставленного древними народами нынешним поколениям.

Түйін

Ұлы жібек жолы адам баласы үшін сирек кездесетін мәдени байлық өкілдік етеді. Сондықтан тек қана емес оның зерттеуіне ерекше ілтипатты зер салады, бірақ және бүгінгі ұрпақтарға ежелгі халық тастап кетілген үлкен мұраның сақтауына.

Summary

The Great Silk Road is a unique cultural value to humanity. Therefore, pay special attention not only to study but also the preservation of the vast legacy of the ancient peoples of present generations.

КӨРКЕМ ШРИФТЕРДІ ОҚЫТУ

Б.Т. Найманов –Абай ат.ҚазҰПУ «Графика және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

Көркемсурет факультетінде оқитын студенттер декоративті безендіру жұмыстарында және осы жерде оқытылатын қолданбалы графика, кітап графикасы, фирмалық стиль сабақтарында әр түрлі шрифттарды қолданып жарнамалық плакат, кітап мұқабаcын безендіру, тұрмыстық заттар орауыштарына эскиздік тапсырмалар орындауларына тура келеді. Шрифт қолданбай кітап немесе журналдардың көркем безендірілуін, өнеркәсіп өнімдерінің сыртқы орауыштарының әдемі этикеткаларын орындау мүмкін емес. Күнделікті өмірде біздерді шрифттік жазулар бір нәрсеге шақырып, болмаса қайсыбір заттардан ескерту жасап, бағыттап немесе ұсыныстар жасап отырады.

Студенттер көркем шрифттерді оқыту пәні сабағы барысында шрифт түрлерімен қоса олардың орындалу техникаларын және ол үшін қажетті материалдармен жұмыс істеуді үйренулері керек және мейілінше кең тараған көркем шрифттерді плакат перосымен оңай жаза білуді меңгергендері жөн.

Шрифт дегеніміз бұл сан және әріптің көркем графикалық бейнесінің түрі. Шрифт ұзақ тарихи даму жолынан өтті. Басында сурет түріндегі пиктография болды да ол жерде хат, адам ойлары әртүрлі сурет бейнелері көмегімен беріліп тұрды. Уақыт өте келе пиктографиялық хат идеографиялық болып ауысты, ол жерде шартты белгілер (иероглифтар) әртүрлі құбылыстар мен заттардан алынған бейнелік белгілерді берді. Кейініректе иероглифтер қалыпты бір жағдайлар немесе іс әрекеттер, заттардың атауларының бастапқы дыбыстарын беру үшін қолданылды. Иероглифтер Ежелгі Мысырда фрескалар мен барельефтер композицияларының бөлшектері болды. Көптеген ғасырлар бойында қысқартылып, көне көрнеу өзгертіліп идеографиялық жазулар қазіргі кезде біз қолданып жүрген фонетикалыққа ауысты. Фонетикалық жазуларда әрбір әріп белгілі бір дыбысқа сәйкес келді. [1.7-9 беттер]

Көркем шрифттерді үйретудің бастапқы кезеңінде студенттерді жаңа графикалық жұмыстың арнайы ерекшелігімен және мазмұнымен қысқаша әңгімеде таныстырып өту қажет. Студенттер үшін графикалық жұмыстардың үлгілерін іріктеп алып әңгіме барысында көрсетіп отырған жөн.. Шрифт дегеніміз- ол сөз құрастыратын әріптердің графикалық бейнесі, ол арқылы біз өздеріміздің ойларымызды айтып беретінімізді әңгімеде айтып отырудың өте маңызы бар. Тек осы графикалық белгілердің көмегімен (әріп) адамзат қоғамның дамуына әсер еткен мәдениеттің таралуына қол жеткізді. Қандай да бір жазуды орындағанда ол жердегі мәтінімен бейне біртұтас болып қабылдануы керек. Графикалық және декоративті безендіру жұмыстарында академиялық, шабылған және плакат шрифттері жиі қолданылады. Шабылған шрифт қатал және қарапайым түрімен ерекшеленеді және оларда мұртшалар болмайды, ал барлық элементтерінің бірдей қалыңдықтағы шрифт мәтінді орындауды және оқытуды жеңілдетеді. Кез келген шрифтін әдемілігі ең алдымен оның биіктігі мен еніне қатысты нақты табылған пропорциясына байланысты болады. Әрбір шрифт өзіндік мейілінше ұтымды пропорцияға ие болады. Мысалы шабылған шрифт 3-5, 5-5, немесе 3-7 қатынасында өте әдемі көрініс береді. Осы айтылып отырған шабылған шрифт әртүрлі жазбаларды шығару кезінде әмбебап болып келеді. Оны меңгеріп алғаннан кейін әрқилы шрифттік жұмыстарды әдемі және тез орындауға болады

Мәтін композициясы.

Қағаз бетінде жазып орындауға арналған мәтінді жазбас бұрын дұрыс орналастыру мақсатында алдын ала оны мұқият оқып шығу керек. Содан кейін оны логикалық мазмұнына қарай бөлген дұрыс. Безендіру нысанасының межесіне қарай жазуларды орналастырудың оңтайлы орнын табу керек. Жазулар орта тұста немесе қағаздың бір бөлшегін көркем бейнелер алып жатқан жағдайда жоғарғы немесе төмен жағында болуы мүмкін. Тақырыптар немесе сурет атауларын жазған кезде шрифт көлемі мен мінездемесі бейненің көркем шешіміне сәйкес келіп, көрушіге көркемдік әсерді толықтырып қалдырғаны дұрыс. [2. 68-73 беттер]

Жұмысты бастамас бұрын жазуларды орналастырудың бірнеше нұсқасының эскиздерін жасаған керек. Эскиздер шрифт орындаудағы суретшінің негізгі кезеңі. Сондықтан берілген тапсырманың түпнұсқасын орындау алдында эскиздер жасау қажет. Ол жерде кішірейтілген көлемдегі әріптердің көлемі, жол ұзындығы, жол арасындағы қашықтық, жол саны, барлық графикалық мағыналар, шрифттік аумақтың толық қағазға қатынасы сияқты композицияның барлық элементтерінің орны табылады. Кейбір кезде оны бейнелеген суретті композицияны қағаз шетінен асырмай негізгі графикалық бейнелеу жазықтығына кіргізеді. Егер шрифттік жұмыстарды суреттің қатысынсыз орындайтын болсақ онда әрбір жолдағы әріп санын мөлшерлеп бірдей

кылған дұрыс болады. Қағаз бетінде ені бойынша жиектерін және мәтін неше жол болатынын белгілеп, жақсы ұшталған қарындашпен барлық орнын айқындайды. Қарындашпен мәтіннің барлық әріптерін орындап біткеннен кейін қателерін бір тексеріп шығады. Осыдан кейін ғана тушь немесе гуашпен жұмысты бастаса болады. Барлық мәтінмен қоса жекелей әріптерді мұқият орындап шыққанда ғана жұмыстан жақсы нәтиже алуға болады. Шрифттерді тұрғызу ережелерін жаттап алғаннан кейін қолмен әріптерді гуашьпен жазу үшін қосымша жаттығулар істеген дұрыс болады.

Мектеп тәжірибесіндегі шрифт.

Безендіруші – суретші жұмысында иллюстрациялық материалмен мәтіннің үйлесімі өте маңызды болып табылады (оның орналасуы, үлкендігі және шрифт жазбалары). Графикалық композицияларда мәтін композицияның негізгі элементі немесе немесе суретке қарағанда кейінгісі болуы мүмкін. Афишаларда мәтін негізгісі болып ал сурет тек оны толықтырушысы болып табылады. Көркем плакат мазмұнының өткірлілігімен және орындалған жазулардың мәнерлілігімен ерекшеленеді. Плакат орындағанда сурет негізгісі ал мәтін қосымшасы болып келеді.

Альбом сыртын немесе кітап мұқабасын қызықты безендіру үшін суретші шрифті жақсы меңгеруі қажет. Әдемі көрініп және дұрыс, оңай оқылуы үшін парақ бетінде жазуларды дұрыс орналастыруды үйрену керек. Қабырға газеттері, мақтау грамоталары немесе шақыру билеттерін орындағанда шрифтік жұмыстар барлық композициялық қызықты ойлармен байланыста болуы міндет. Мәтінді дұрыс және әдемі орындауды үйрену үшін жазуларды орындайтын құралдармен танысу және алдын ала шрифт тұрғызудың негіздерімен танысқан дұрыс. Берілген форматта материалдарды бөліп мәтін композициясын ойластырудың да маңызы зор. [3.3-6 беттер]

Әрбір студент безендіру жұмыстарында кең тараған көркем шрифттермен және сызу пәні бойынша мектеп бағдарламасына кіретін стандартты сызу шрифттерін меңгергені жөн.

Қазіргі заманда мектептерде шрифтік жұмыстардың мәні жыл сайын өсуде. Мектепте қолданылатын шрифттер сызбасы өте қарапайым және оңай оқылатын болуы керек. Мәтінді хабарландырулар, қабырға газеттерінің тақырыптары, ұрандарды орындау үшін әріптерді қолмен еркін жаза білуді үйрену керек.

Жарнамадағы шрифт.

Шрифт түрлерінің саны өте көп. Әрбір жекеленген шрифтің өзіндік атауы бар және олардың негізгі суретінің бірнеше нұсқасы болады.

Нақты бір жағдайларға арнайы шрифттерді іріктеп алып қолдану жарнама обылысындағы маманданған суретшіге ғана тән болып келеді. Шрифтік жазулар оқырманның көңілін оқығанда өзіне аударатындай болып мейілінше маңызды аргументтерді айқындап отырғаны жөн. Шрифтің әрбір суреті жазуға өзіндік эмоциональді айшық береді. Жарнамаланған тауарға іріктеп алынған шрифтің сәйкес келуін естен шығармаған дұрыс. Осылай, әріптердің дөңгелек нобайлары бар шрифттар арқылы күрделі суретін, қарама-қарсы штрихтармен бұйымның жеңілдік, әдемілігін айқындап отыруға болады.

Әріптердің тік төртбұрышты нобайы бар суреті және шрифтегі көп форманың оңайлығы, заттың беріктік, сенімділігіне жарнама жасайтын мәтінді теру үшін көп қолданылады. Негізгі сызықтары жуан болып келетін ауыр шрифттар жуу машинасы, тоназытқыштар, электр полотерлердің жарнамасы үшін лайықты, ал жеңіл – парфюмерлік, зергерлік бұйымдар, шілтерлердің жарнамасы үшін тағы сол сияқты заттар жарнамасына декоративті негіздегі шрифттер ыңғайлы болады.

Адам көзінің жекеленген емес топтасқан әріптерді немесе сөздердің тобын, олардың жолдарының ұзындық нақтылы формасын қабылдайтын қасиеті бар. Сондықтан шрифт суретінен тысқары, оның өлшемі, әріптер арасындағы қашықтық, басылымдағы жолдардың ұзындығы және мәтіннің орналастырылуының маңызды өте үлкен. Мәтінді қабылдауындағы үлкен рөлді мәтін жазылған бояудағы түс ойнайды. Үлкен көлемдегі мәтін болатын жарнамалық құралдардағы түрлі түсті фондағы басылымның сәйкестігіне зер салу керек. Қалқандардағы жарнамалық мәтін ресімдеуінде келесі бір жәйттерді есепке алу керек: әріптердің пішіні және өлшемі жарнамаланған парақтың және нысана ауданының ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек. Ең жақсы нұсқа әртүрлі өлшемдегі бір суреті қолдану болып табылады. Оқырманға жарнамалық мәтіннің әсері күшті болуы үшін ол жердегі бояу түсін дұрыс таңдау қажет. Шрифтің түсі және фон әрдайым қарама-қарсы болуы керек, ол сол кезде жеңілдеу оқылып қабылданады.

1. Смирнов С.И. Шрифт в наглядной агитации. М., «Плакат» 1987.
2. Смирнов С.И. Шрифт и шрифтовой плакат. М Плакат, 1990.
3. Кликушин Г.Ф. Декоративные шрифты для художественно-оформительских работ . г.Казань 2005г.

Түйін

Мақалада көркем шрифттердің декоративті безендіру жұмыстарындағы қолданысындағы орны туралы айтылады және мәтін композициясы мен мектеп тәжірибесіндегі және жарнамалық жұмыстардағы қолдануға болатын шрифттер туралы нұсқаулар қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются о применении художественных шрифтов в декоративно-оформительских работах, а также рекомендации шрифтов, которые можно использовать в рекламных работах, школьной практике и текстовых композициях.

Summary

The article discusses the use of fonts in decorative art and design works, as well as recommendations of fonts that can be used for promotional work, school practice and textual compositions.

Оқушылардың логикалық ойларын шығармашылық жаттығулар арқылы дамыту

*Сулеев Ұлықбек Мырзабекұлы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.
Магистратура және PhD докторантура институты. «Бейнелеу өнері және сызу»
мамандығының 1курс магистранты.*

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық потенциалын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», - деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Бұл заңда қазіргі кезеңде мұғалімдердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін практикаға қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген[1].

Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет деп көрсетті Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білімді игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу. Оқытудың мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру оқушылардың білімді, дағдыны меңгеру үшін, болашақта танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке оқушыларды дайындау қажетті шарт болып табылады. Шығармашылық мәні мен мағынасына тоқтала кетсек, негізінде бұл тақырыпта көптеген ғалымдар зерттеуден өткеріп тер төккен.

Шығармашылық» - жаңалық ашуға бағытталған әрекеттер жиынтығы. Ол жеке адамнан бастап ұжымдық әрекеттердің де сипаты болып табыла алады.

Психологияда шығармашылық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы. Дегенмен шығармашылықтың объективті және субъективті болатындығы белгілі. Оның

алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталады.

Педагогикалық шығармашылық - білім алу үрдісін мағыналы да мәнді, жарқын ету, таңдана, тамсана отырып тануға жағдай жасау, осы әрекет барысында білім алушылардың өз сұрақтарының пайда болып оларға жауап оларға жауап іздеулеріндегі шығармашылық белсенділігін тудыруға көмектесу.

«Шығармашылық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» (философиялық сөздік).

Қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыров, т.б. психологиялық еңбектерінде адамның жеке басының дамуы мен шығармашылығының әртүрлі аспектілері қарастырылады.

Шығармашыл тұлға – өзінің кәсіби шеберлігін арттырумен тұрақты айналысатын, тәжірибе жасаудан жасқанбайтын, сол мақсатта өзінің ішкі күштерін жұмылдыра білетін, ойы оралымды, қиын педагогикалық мәселелерді өзгеше, ерекше тапқырлықпен шеше алатын адам.

креативтілік» тұлғаның (ұжымның) шығармашылық әрекетке дайын болуы;

идеяларды туғызуға қабілеттілік;

белгісізге қарай табысты қадамдар жасай алу;

ойлаудың интеллектуалдық белсенділігінің жоғары деңгейі.

Н.В.Кузьминаның зерттеулерінде **«шығармашылық әлеует»** ұғымы «энергоәлеует» ұғымымен байланыстырылады. «Энергоәлеует – адамның кейде өзі де дұрыс пайдаға асыра алмайтын, қайда бағыттауды біле бермейтін шығармашылық әлеуетінің маңызды сипаттамаларының бірі.

Шығармашылықтың мәні: «Шығармашылық - ізденіс нәтижесінде объективті және субъективті жаңалық алынатын, ішкі факторларға әсер ету арқылы әлеуеттің жоғарылауын қамтамасыз ететін адам әрекеті» және де «Шығармашылық – адамның мәні, оның ішкі күштерінің яғни әлеуетінің бастауы». Қазіргі кезде шығармашылық – қоғамның өрлеуі мен тоқырауының индикаторы болып саналады.

Шығармашылық мәселесі жөнінде Дж. Голфорд, А. Маслоу, К. Роджерс, Т. Торренс, Э.Фромм, тағы басқа секілді көптеген шет елдік ғалым - психологтары зерттеген. Әлемдік психолого – педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтьев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған [2]. Қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыров, т.б. психологиялық еңбектерінде адамның жеке басының дамуы мен шығармашылығының әртүрлі аспектілері қарастырылады.

Ойлау дегеніміз – ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс [3]. Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек». Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объективті пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Психолог – ғалымдар: Н.Н. Пospelов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді. Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;

ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д.Ушинский. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әйтседе бұл баланы қайткенде де, неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Тәжірибе барысында жасөспірімдерде ой тұтастығының сақталмауы байқалады. Мұндай қателерді болдырмау үшін оқушының ой жүйелілігінің қажеттігін сезінуіне көз жеткізудің амал – тәсілдерін тауып, орнықты ой түйіндеуге жетелеу қажет. Шығармашылық әрекет психология мен педагогикада шығармашылық әрекет – тұлғаның шығармашылық міндеттерді өз бетінше шешуі: білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасмалдай алуы, белгіліден жаңа нәрсені көре білуі, объектінің жаңа қызметін байқай алуы, жаңа шешімдер қабылдай алуы деген мәнге ие. Шығармашылық – еркін әрекет. Өйткені онымен біреудің мәжбірлеуімен айналыспайды. Шығармашылық әрекет интуицияның орын алып, қиялдың қанат қағуы, сезімнің жоғарлауы нәтижесінде жүзеге асады. Бұл үздіксіз ізденіске әкеліп, ол жолда адам жеңістің қуанышын, түңілудің кермек дәмін сезу, тоқтаусыз толғаныс пен жалындау, интеллектуалдық, эмоционалды қарындылықтың қуанышына бөлену сияқты сезімдерді басынан кешеді. Ал шығармашылық тұлғаға келер болсақ, ол жайлы айтқан пікірлерді айта кетейін.

Шығармашыл тұлға - тәуекелшіл, өзінің кейде тіпті негізсіз болып көрінетін батыл ойларынан да қорытынды жасауға әзір, өзінде бар көп идеяны жария етуден жасқанбайтын кісі. (А.Н.Лук)

Ю.З.Гильбух **шығармашыл тұлғаның** қасиеттерінің құрамына саналылықтың әртүрлі деңгейінде қалыптасатын жаңашылдыққа бағыттылықты жатқызады.

Шығармашыл тұлғаның қалыптан тыс ойлау мүмкіндігі кең, шығармашылық әрекетке дайын адам (Г.Нойер).

Шығармашыл тұлға - басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам (Қ.Жарықбаев)

Білім берушілер тарапынан білім алушыға қатынастар типтерінің классификациясы:

- авторитаризм (педагог оқу үдерісінің қозғаушы күші, ал оқушы тек қана “бұранда”);
- еркіндік (оқушылардың толық тандау еркіндігін және дербестік беру);
- мейірімді – жеке даралық қадам (студенттердің жан-жақты, еркін, шығармашылықпен дамуын қамтамасыз ету);
- жұптастық;
- жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етуші, әлеуметтік-экономикалық факторлар;
- биологиялық және әлеуметтік жас туралы түсінік;
- жастарды тәрбиелеудің объектісі мен субъектісі тұрғысында.

Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада-педагог өзін - өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға өз қабілеттері бойынша даму бағыттарын ұштайды. П.Ф.Каптерев көрсеткендей, педагогикалық іс-әрекеттің табысты болуының маңызды факторларының бірі оқытушының “тұлғалы сапалары” болып табылады. Мақсатқа ұмтылу, табандылық, еңбек сүйгіштік, қарапайымдылық, бақылампаздық сияқты сапалардың міндетті болуы аталынып өтіледі.

Тренинг мақсат-міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуына жағдай тудыру;
- Ақпарат пен мәлімет көздерін жұмыс бағытына қолдана білу бағдарын беру;
- тұлғаның теориялық білімін қолдануына мүмкіндік тудыру;
- қатысушының өз жұмысында оң нәтижелерге бастар бағыттарды саралауы.

Тренинг түрлері

- **креативтілік тренингі** оқушылардың шығармашылық ойлауы мен шығармашылық елесін дамытуға бағытталады;
- **қарым-қатынас тренингі** әртүрлі адамдардың тілдік қарым-қатынас стилін жасау, және сызбаны сыздыра білдіріп, өзара әрекеттестікті тиімді ететін коммуникативтік біліктерді жетілдіруге қызмет етеді;
- **әртүрлі педагогикалық-психологиялық жайттарды шешуге** бағытталған тренингтер ұжымда ынтымақтасу дағдыларын қалыптастырады.

Ал оқушылардың ойлауын дамытып, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету – сызу сабағының міндеті. Жаңа буын сызу оқулығының басты ерекшеліктерінің бірі – оның әрбір сабаққа лайықталған материалы, негізінен алғанда, түйіндесу тақырыбында есеп және сызу шығармашылық жаттығулардың тобынан тұрады. Солардың бірі — балалардың шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу мақсатын көздейтін, оқулықта берілген тақырып бойынша түйіндесу тақырыбы бойынша қазақ ұлттық ою-өрнектеріне шығармашылық жаттығулар жасалады. Бұрынғы оқулықтардың ешқайсысында жаттығулардың осындай тобы қарастырылмағандықтан, қазіргі мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығуларды орындаумен байланысты оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда үлкен қиындықтар туындап отыр. Оқушылардың шығармашылық жаттығуларды орындау икемділігін бағдарлама талаптары деңгейінде қалыптастыруда айтарлықтай кемшіліктер мен олқылықтар орын алуда. Сызуды оқыту процесінде жаттығулардың алатын орны ерекше. Жаттығу дегеніміз не? Жалпы алғанда, ғылым мен тұрмыстың әр алуан салаларында, «жаттығу» термині әр түрлі мәнде қолданылады. Ал, педагогикалық әдебиетте жаттығу ұғымы оқытудың әдісі жөніндегі дәстүрлі түсінікпен іштей байланысты мағынада анықталады. Анықтамалардың көпшілігі, жаттығу дегеніміз білімді бекітудің және білік пен дағдыларды қалыптастырудың, сондай-ақ оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі дегенге әкеп саяды. [4-5]. Жаңа буын оқулықтарында сызу білім мазмұнының мүмкін деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылып отырған жаттығулар ерекше назар аудартады. Олар бір сарынды іс-әрекеттер орындаудан бас тарта отырып, өзгермелі әр түрлі бағыттағы ізденістер тудыру арқылы оқушыны шығармашылық әрекет жағдайына енгізуге мүмкіндік жасайды. Шығармашылық жаттығулар ұсынылғанда, оқушының алдында мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдаят пайда болып, ол оқушының интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында оқушы жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс -әрекеттер орындауға талпынады. Осы тұрғыдан алғанда сызу жаттығулары, біздің пікірімізше, шығармашылық жаттығулар жасауға мүмкіндік береді деп атаған орынды сияқты. [6-7].

Шығармашылық жаттығу – бұл нақты мәні берілмеген, есепті шартты сызудың заңдылықтары арқылы орындау.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз. Мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығулар үздіксіз орындалмай жатқандығы белгілі. Кейбір мұғалімдер шығармашылық жаттығу міндетті деңгейге жатпайтындықтан оны орындамайды, орындағанымен сабақ соңында асығыс шешуін оқушыларға жалпылама айтқыза салады, яғни талдау жүргізілмейді. Балаларда ой операиялары толық жүргізілмегендіктен логикалық ойлаудың даму деңгейі төмен болады. Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың бір жолы — шығармашылық жаттығуды жүйелі орындату. Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі бірдей емес. Олардың ішінде сызуды сүйіп оқып сызатын,, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан мұғалім оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруы тиіс.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

- есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;

- сызба графиктік модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру;
- Есептегі нақты заттарды оның моделімен ауыстыру;
- Пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;
- Сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптастыра аламыз.

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы. – Астана, 2004.
- Н.Назарбаев. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда. /Елбасының Қазақстан Республикасы білім саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі / Егемен Қазақстан. 13 қазан, 2004.
2. Сейдахметова А. Даярлық сынып оқушыларының логикалық ойларын дамыту жолдары. // Бастауыш мектеп, 2000. №8,9.
3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2002. – 415 бет.
4. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы, 1977 – 454 бет.
5. Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты. –Алматы, 2003. - 135 бет.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1994, 285 б.
7. Әбілқасимова А. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента. — Алматы: Санат, 1998. -158 с.
8. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: п.ғ.д.... дисс. 13.00.01. – Алматы, 1996. — 278 с.
9. К.Ж.Бұзаубақова «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру», Алматы, 2002ж
10. Т.Мейірманқұлова «Білім берудегі инновациялық технологиялар», Алматы, 2000ж.

Түйін

Бұл мақалада оқушылардың логикалық ойларын шығармашылық жаттығулар арқылы дамыту мәселелері қарастырылды.

Резюме

В данной статье рассмотрены вопросы развития логического мышления учеников с помощью творческих упражнений.

Summary

In this article questions of development of logic thinking of pupils by means of creative exercises are considered.

История развития пейзажа, как жанра изобразительного искусства

Мендешева Раушана Абдрауовна – старший преподаватель кафедры «Живопись» Художественно-графического факультета Казахского Национального Педагогического Университета им. Абая

Джундыбаева Айгуль Абдрауовна – учитель гимназии № 35

Человек начал изображать природу еще в далекие времена, элементы пейзажа можно обнаружить в рельефах и росписях стран Древнего Востока, особенно в искусстве Древнего Египта и Древней Греции. В культуре Древней Греции совершилась первая маленькая революция; греки достигли впечатления единства человека и окружающей его природы, т. е. они смогли связать человека с окружающим его миром. Что интересно, древние греки и римляне уже тогда включали в элементы росписи и мозаики элементы перспективы. В искусстве [Двуречья](#) и [Египта](#) с развитием интереса к сюжетному повествованию, особенно в сценах войны, охоты и рыбной ловли, складывается восприятие природ как среды действия, сохраняющие сказочно-мифологический смысл, но обретающей подчас более конкретный характер. Например, деревья начинают различаться по видам. Удивительно интересны природные мотивы, отраженные в художественных памятниках [Древнего Крита](#). [Древнеримская живопись](#), ощутившая контрасты города и сельской местности, среды-реальности и среды-идеала, рождает самостоятельные

пейзажи, которые появляются в иллюзионистических росписях, украшающих жилые покои. Плодоносные, полные птиц сады - это мотивы утопического царства гармонии, преображающего интерьер. Римляне любили преимущественно природу ровных или всхолмленных местностей, в особенности на берегу моря; но чувство романтической красоты горной природы в императорском периоде Рима проявляется в весьма слабой степени. В средние века пейзажными мотивами украшали храмы, дворцы, богатые дома.

Особую линию развития получил пейзаж в искусстве Востока. Как самостоятельный жанр он появился в Китае еще в VI веке [1]. В периоды Тан и Сун (VII-XIII вв.) художники создавали картины на длинных шелковых, а потом и на бумажных свитках вертикальной или горизонтальной формы, хранившихся в специальных ящиках и вывешивавшихся только на время. На горизонтальных свитках обычно изображались жанровые мотивы, сцены легенд. Они служили своеобразной живописной книгой. На вертикальных свитках по большей части исполнялись пейзажи. Часто картина дополнялась стихотворными текстами, написанными красивым каллиграфическим почерком, соответствующим стилю изображения. Форма китайских пейзажей - вытянутый свиток - помогала создавать ощущение необъятного пространства, показать не какую-либо часть природы, а как бы утвердить ее необычайную мощь. Пейзажи китайских художников, выполненные тушью на шелковых свитках, очень поэтичны. Они имеют глубокий философский смысл, как бы показывают вечно обновляющуюся природу, беспредельное пространство, которое кажется таковым из-за введения в композицию обширных горных панорам, водных гладей и туманной дымки. В пейзаж включаются человеческие фигурки и символические мотивы (горная сосна, бамбук, дикая слива), олицетворяющие возвышенные духовные качества. В средневековом Китае получил распространение также своеобразный жанр «цветы-птицы». Обычно это написанные на веерах, ширмах, свитках и альбомных листах сценки, воспроизводящие с пристальным вниманием жизнь животных, растений, рыб и насекомых. Уже в годы раннего средневековья китайские художники писали стихи и трактаты, в которых раскрывали секреты мастерства. Из этих трактатов, как и из самих произведений, видно, что еще в древности китайские мастера выработали особые приемы изображения. Они не писали с натуры, но, руководствуясь, длительными наблюдениями, наносили тушью на пористую бумагу или легко впитывавший влагу шелк точный и быстрый рисунок, который нельзя было ни стереть, ни поправить. Линия и пятна туши, весьма разнообразные и тонкие по своим нюансам, составляют основу китайской средневековой живописи. В ней не применялась светотень, перспектива была построена по разработанным длительной практикой условным законам, как будто вся природа, увиденная с высокой горы, разделялась, как театральная декорация, воздушной дымкой на следующие друг за другом планы. Созданные китайскими живописцами правила отражали образ их мышления, восхищения красотой окружающего мира. Пейзажи и сцены быта VII-X вв. изобиловали изображением архитектуры и фигур в красочных одеждах. Живописцы не без юмора показывали быт подгулявших чиновников, игру в шахматы и переживания болельщиков, следивших за ней. Эти бытовые сцены, отображавшие быт придворной знати, исполнялись по заказу двора; они были написаны живо и с большой долей правдивости. Именно в это время природа стала важным объектом живописи. Наиболее известными танскими пейзажистами были Ли Сысюнь (651-716), Ли Чжаодао (670-730) и Ван Вэй (699-759) – одновременно поэты и художники. Их творчество показывает, насколько разнообразными были пути пейзажной живописи. Пейзажи Ли Сысюня и Ли Чжаодао ярки и насыщены по цвету. Синие и малахитово-зеленые горы обведены золотой каймой, которая делает картину похожей на драгоценность. Пейзажи Ван Вэя, написанные черной тушью по золотистому шелку, мягче и воздушнее. Дали в них едва прорисованы, они как бы тают в далеком тумане, а вся природа кажется спокойной и тихой. Манеру Ван Вэя восприняли как основную сунские живописцы, которые главным образом стремились к передаче лирической красоты и гармонии природы. Пейзажи XI-XII вв. грандиозны и величественны. Одни из них суровы и просты, как бы бесконечно отдаленны от человека, словно прекрасный сказочный мир. Другие при этом включают множество тонко выписанных мельчайших подробностей из жизни природы. Художники будто приоткрывают зрителю завесу, которая отгораживает его от скрытой и полной тайн жизни гор и лесов. Обычно художник располагает свой пейзаж на длинном свитке так, будто сам смотрит на него с высокой горы. Он противопоставляет планы и масштабы, маленькие фигуры сопоставляет с большими, как бы показывая, насколько человек или группа деревьев бесконечно малы сравнительно с громадами

диких скал. Выдуманный, построенный воображением самого живописца, пейзаж вместе с тем наполнен дыханием жизни, связан единым ритмом, общим настроением, так как весь он написан только черной тушью. На длинном свитке «Осенний туман» живописец XI века Го Си располагает бесконечные цепи гор, старые сосны и хижины, утонувшие в волнах мягкого тумана. Весь пейзаж написан нюансами черной туши, построен на сочетании четких графических линий и мягких живописных пятен. Однако зритель ощущает и влажность осеннего дыхания и спокойную мягкость приглушенных красок. Настроение и стиль пейзажей Китая после завоевания страны кочевниками в XII-XIII вв. изменились. Боль и страдание, горькие думы как бы усиливали любовное внимание художников к природе отечества, вносящих в произведения лирические оттенки. Настроение пейзажей этого времени часто грустно и тревожно; гордая мощь природы меньше привлекала художников, которые писали небольшие картины, лишенные былой торжественности. Одна из них: «Одинокий рыбак на зимнем озере», написанная одним из крупнейших из живописцев конца XII – начала XIII в. Ма Юанем. Еще лиричнее живописец XII века Ли Ди, изображавший мягкие зимние пейзажи, где среди пушистых снежных деревьев неторопливо бредут одинокие путники, ведущие ленивых буйволов. Многие художники сунского периода писали картины на бытовые темы, продолжая танские традиции. Они изображали в своих длинных свитках сцены шумной городской жизни столицы Кайфына, народные праздники, игры детей, школу и резвых учеников. Продолжал развиваться жанр цветов и птиц, достигший в сунское время как пейзаж высокого расцвета. Общие реалистические стремления танского и сунского времени сказывались на всех школах и направлениях живописи, а также на развитие всех видов искусства этих высших этапов культуры китайского средневековья. В периоды Юань и Мин (XIII-XVIII вв.) живопись продолжала оставаться ведущим видом искусства и XIII-XIV вв. изобиловали тонкими и лирическими произведениями, постепенно индивидуальность художников начинала стираться, в пейзажах и бытовых сценах зачастую повторялись одни и те же образы и приемы. Начиная с периода Мин, основой живописи стало не изучение природы, а подражание старинным образцам. Такие художники, как Сюй Вэй (1521-1593) и Чжу Да (1625-1705), используя старые приемы, стремились к новизне и смелости решений. Они нарушили пассивную созерцательность и гармонию пейзажей прошлого, дерзновенно приближая к зрителю прежде недоступную человеку природу, смелой кистью рисуя сочные гроздья винограда, цветы, бамбук и пальмы. Под влиянием китайской живописи сложился и японский пейзаж, отличающийся обостренной графичностью, выделением декоративных мотивов, более активной ролью человека в природе (К. Хокусай) [2].

Эпоха Возрождения дает предпосылки для развития пейзажа в отдельный самостоятельный жанр. Первоначально пейзаж складывается в графике А. Дюрера, и в не больших живописных композициях А. Альтдорфера и И. Патинера. Художники итальянского Возрождения, прежде всего, стремились подчеркнуть гармонию человека и природы. Например: у Джотто пейзаж подчинен замыслам произведений, Мазаччо, же, делает попытку объединения фигуры с пейзажем, одним из первых вводя воздушную перспективу. Художники Возрождения придают особое значение достижению максимальной точности и четкости изображения. Первоначально психологический момент живописных персонажей выражен не очень ярко. Главное внимание уделяется таким изобразительным средствам, которые позволяют достичь жизненности и живости всего, что запечатлевается, — будь то человеческое лицо или складки одежды. Живописцы идут по пути формальных приемов достижения этих целей. Однако постепенно в произведениях Возрождения начинает все более явственно обнаруживаться психологическая сторона изображаемых персонажей. По портрету уже можно определить характер человека, его особенности, волнения его души и страстей. При этом особенно ценятся художественный вкус и чувство меры. Достижением художественной культуры Ренессанса является также правильная геометрическая конструкция картины: изображение в буквальном смысле строится (а не рисуется) при помощи тщательно разработанных точных приемов. В основе применения геометрико-математических методов лежит убеждение в том, что природа в основе своей гармонична в смысле геометрико-математических пропорций: все в ней подчинено пропорциональности математических отношений. Точно так же выявляется пропорциональная закономерность человеческого лица и тела. Одновременно предполагается, что художник имеет право исправить несоответствия природы там, где они нарушены в силу случайных причин. В известном смысле творческий гений художника ставится выше чисто природной красоты. Роль геометрических построений приводит к новому подходу к пространству изображения. Великий Леонардо да Винчи как будто заново открывает пейзаж, он открывает новые законы жанра, вводит такие понятия как:

воздушная и линейная перспектива. Одним из его величайших открытий является тонкая, полупрозрачная дымка так называемое «сфумате». С этим открытием пейзаж получает глубину, и все большую реалистичность. Натура текуча и изменчива, а полотно останавливает и запечатлевает текучие моменты. Созерцать природу можно лишь мимолетно, картину же можно непосредственно обозревать сколь угодно долго. Формируя мысль Леонардо, современный исследователь его творчества пишет. «Живопись схватывает различные моменты сразу, а не выхватывает один момент из потока бытия. В этом и заключается для Леонардо превосходство живописи. Живопись сразу схватывает сложнейшие сплетения связей между явлениями». Говоря иначе, живопись способна к обобщению. Согласно Леонардо, природа слепа и бесцельно творит одни и те же образы. Однако время также бесцельно разрушает творимое. Живопись столь высоко оценивается им как раз потому, что только в ней он видел возможность подчинить бессмысленную действительность воле и мысли художника. Живую природу Леонардо представлял по образцу сложного и хитроумного механизма [3].

Подводя итоги деятельности художников эпохи Возрождения, в первую очередь, отметим ту колоссальную работу, которую они проделали в области научно-теоретического обоснования правил рисования. Их труды по вопросам перспективы помогли художникам справиться с труднейшей проблемой построения изображения трехмерной формы предметов на плоскости. Многие художники эпохи Возрождения, увлекаясь перспективой, целиком посвящали свое время этому делу. Художники Возрождения умело использовали данные своих научных наблюдений в практике изобразительного искусства. Даже теперь их произведения поражают глубоким знанием анатомии, перспективы, законов светотени. Оно представляет для нас колоссальную художественную ценность и помогает развивать методику обучения рисованию. Мастера Возрождения сумели создать высокие образцы как для художников-практиков, так и для педагогов. Они не только теоретически обосновали наиболее актуальные проблемы искусства, но и практически доказали их необходимость. Художественная культура Возрождения дорога миру за созданный ею кодекс правил и законов изобразительного искусства. Все, кто любит и знает изобразительное искусство Возрождения, обращаются к нему как к источнику мудрости, знания и высокого мастерства [4].

1. Всеобщая история искусств. Т. 1-3. М.-Л., 1948- 55с.
2. «История зарубежного искусства» под редакцией М.Т.Кузьминой, Н.Л. Мальцевой. Москва, «Изобразительное искусство» 1983 г. с.140.
3. library @countries.ru. Шаповалов В.Ф. Основы философии: От классики к современности. - М.: ФАИР-ПРЕСС, 1998. Данилова И.Е., «Искусство средних веков и возрождения».
4. Н.Н.Ростовцев «Методика преподавания изобразительного искусства в школе», Изд-во Агар 2000.с. 122.

Түін

Мақалада пейзаж дамуының тарихы қарастырылады, бейнелеу өнердің жанры сияқты.

Резюме

В статье рассматривается история развития пейзажа, как жанра изобразительного искусства.

Summary

The article examines the history of landscape as a genre of visual art.

ИМПРЕССИОНИЗМ В ПЕЙЗАЖНОМ ИСКУССТВЕ

*Р.А. Мендешева - КазНПУ имени Абая, ХГФ, ст. преподаватель кафедры живописи,
г.Алматы*

А.А. Джундыбаева - преподаватель КГУ №35

Во Франции 19 века импрессионизм был последним крупным художественным движением. Впервые в истории искусства художники сделали для себя правилом писать не в мастерской, а на природе: на берегу реки, в поле, в лесу. После выставки в Париже этих художников стали называть импрессионистами, от французского слова «impression», что значит «впечатление». Это слово

подходило к их работам, потому, что в них художники передавали своё непосредственное впечатление от увиденного ими. Художники по-новому подошли к изображению мира. Главным для них стали трепетный свет, воздух, в который как бы погружены фигуры людей и предметы. В их картинах чувствовался ветер, влажная после дождя, нагретая солнцем земля. Они стремились разглядеть и показать удивительное богатство цвета в природе [1]. В русле этого направления работал один из крупнейших французских художников 19 века Эдуард Манэ (1832-1883). До того свежестью и чистотой тонов изображал Манэ уголки Парижа, шумные бары, образы своих современников, не сложные по мотивам натюрморты. Любая его картина поражает острой наблюдательностью, свободой и легкостью мазка, смелой изысканностью красочных сочетаний. Э.Мане резко выступал против академических форм творчества, первым шагом на этом пути стали две картины, прозвучавшие как вызов официальному искусству: «Завтрак на траве» (1863 Орсэ, Париж) и «Олимпия» (1863, Музей Орсэ, Париж). Импрессионисты считали Э.Мане своим идейным вождем и предшественником. Но его импрессионизм более близок живописи японских мастеров. Он упрощает мотивы, уравнивая в них декоративное и реальное, создает обобщенное представление о виденном: чистое впечатление, лишённое ненужных подробностей, выражение радости ощущения («На берегу», 1873, Париж). В своей картине «Лодка-мастерская К.Моне» (1874, Новая пинакотека, Мюнхен) Э.Мане использует дополнительные желтые и синие мазки, художник добивается полной иллюзии вибрирующего движения воды. Пленэрная работа дала возможность ему экспериментировать над цветом, он отказался от использования чистого черного цвета, особенно при написании пейзажей, заменив его сочетанием мазков разного цвета [2].

Одновременно с импрессионистами в 80-х гг. Во Франции выступает со своими картинами голландец Винсент Ван-Гог (1853-1890), искусство которого теснейшим образом связано с развитием французской живописи. Обладая яркой самобытной индивидуальностью, Ван-Гог выработал свою собственную живописную манеру. Человек напряженной внутренней жизни, обостренных чувств, художник не мог смириться с окружающей действительностью, полной противоречий и несправедливости. Главные герои картин голландского периода - крестьяне, изображенные за своими повседневными занятиями. Показательным является полотно «Едоки картофеля» (1885, Собрание В. Ван Гога, Ларен), в котором В. Ван Гог отдает дань своему кумиру - французскому живописцу Ж. Ф. Милле. Картина написана в темной гамме, напоминающей цвет обрабатываемой крестьянами земли. Однако не цвет, по признанию автора, занимает его в первую очередь, а форма. И тем не менее, за приглушенными сероватыми тонами уже ощущается та насыщенная цветовая основа, которая вырвется наружу в зрелый период творчества живописца. Смутное желание обновления, творческие поиски художественного метода привели его в Париж, где он знакомится с импрессионистами, изучает теорию цвета Э. Делакруа, увлекается плоскостной японской гравюрой и фактурной живописью Монтичелли. Здесь, в Париже, он пишет полные света импрессионистические картины с изображением букетов цветов, видов Монмартра, окрестностей Парижа, выполняет несколько портретных работ. Большое внимание художник уделяет природе Прованса, которое выражает в многочисленных пейзажах, находя свою цветовую гамму и пластическое решение для каждого изображаемого времени года. Показательна в этом отношении картина «Красные виноградники» (1888, ГМИИ, Москва), построенная на контрасте дополнительных цветов, обогащенных гаммой теплых и холодных красок. Главное действующее лицо арльских пейзажей В. Ван Гога - солнце, а доминирующий цвет - желтый, цвет солнца, зрелого хлеба и подсолнухов, ставших для художника символом дневного светила («Подсолнечники», 1888, Новая пинакотека, Мюнхен). Изображения дорогих его сердцу крестьян приобретают обобщающий характер, олицетворяя собой созидательное начало мира и светлую веру в будущее. Образы его картин окрашены пессимистическими и тревожными настроениями. Любой портрет, пейзаж или натюрморт наполнен у Ван-Гога теми беспокойными чувствами, которые обуревали и его самого. Он достиг небывалого до сих пор в искусстве эмоционального воздействия цвета, динамичности мазка и линий, острой выразительности форм. В его картине «Кафе вечером» интенсивно синее небо кажется зловеще мрачным, несмотря на огромные сияющие звезды. Пронизывающе-ярким, лимонно-желтым светом залито уличное кафе. В нем сидят посетители, по улице идут прохожие, но над всем господствует настроение пустынности и тоскливого одиночества. То же настроение присутствует и в картине «Ночной кабачок в Арле». В портретных образах художник сосредоточивает внимание на внутренней жизни модели, воспроизводя ее со всей, присущей только ей одной, индивидуальной неповторимостью на фоне, лишённом какого-либо конкретного антуража. Причем даже самые драматические образы

неразрывно связаны с ощущением радости и красоты жизни, передаваемым сочетанием ярких красок и причудливой орнаментальностью форм. Таковы его автопортреты и изображения простых людей, близких друзей художника: «Арлезианка. Госпожа Жину» (1888, Метрополитен-музей, Нью-Йорк); «Почтальон Рулен» (1888, Музей изящных искусств, Бостон). В очеловечивании окружающего мира В. Ван Гог не ограничивался окружающей его природой, многие предметы, представленные на его полотнах, тоже наделены способностью чувствовать и выражать ощущения своих владельцев: «Ночное кафе в Арле» (1888, частное собрание, Нью-Йорк), вызывающее смертельную тоску, «Спальная художника» (1888, Фонд В. Ван Гога, Амстердам), навевающая мысли о покое и отдыхе. Последние два месяца своей жизни художник проводит в небольшой деревушке под Парижем и создает разные по эмоциональному настрою картины: наполненный чистотой и свежестью «Пейзаж в Овере после дождя» (1890, ГМИИ, Москва), трагичный портрет доктора Гаше (1890, Лувр, Париж) и полную предчувствия скорой смерти «Стаю ворон над хлебным полем». При жизни Ван-Гога его картины не встретили признания и были высоко оценены лишь впоследствии [3].

Таким образом, импрессионизм, как новое течение внесло другое видение окружающего мира, новые взгляды в области искусства. Что дало толчок рождению гениальных полотен, полных жизни и яркости ощущения. Именно импрессионизм помогает передать свое минутное ощущение в процессе пленэрной живописи.

1. Малинина Е.В. Портреты импрессионистов. Мировое изобразительное искусство. Год 2011 Стр.240
2. Эдуард Мане. Название: Эдуард Мане Автор: Анри Перрюшо Издательство: Молодая гвардия Год: 1976 Страниц: 320
3. Е.Я. Басин, В.А. Волобуев. Уроки Ван Гога. Изд. Феникс, Неоглори, 2008, стр. 208.

ҰЛТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАРДА САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Б.Т.Найманов –
«Графика және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Кез келген қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей байланысты, оған дүниежүзілік деңгейге кеңінен танымал біртуар туындылармен өз Отандарын әлемге паш еткен құдіретті өнер иелерінің хас шеберлері мен атақ даңқтары дәлел. Сондықтанда өз халқының өмір тарихын, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын нақтырақ зерттеп білу үшін, оның сан – салалы өнерін оқып үйренудің маңызы зор. Өз халқымыздың өміршең өнерін, сол қайталанбас құдіретті өнер туындыларын дүниеге әкелген өнер иелерінің өмірбаяны мен еңбек жолдарын, хас шеберліктерінің қыры мен сырын, іс-тәжірибелерін жас жеткіншектерге оқып – үйрену бүгінгі таңдағы педагогтар алдында тұрған патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде халықтық педагогиканың тарихи мұралары жан – жақты зерттеп, ұтымды пайдалана білудің берері мол. Бір сөзбен айтқанда халқымыз жүріп өткен өнер мен мәдениетке деген көзқарас жайлы тарихи – философиялық еңбектерді оқып – үйреніп, менгермейінше, білімді де білікті, жоғарғы мәдениетті, дүниетанымы кең ұрпақ тәрбиелеу мүмкін емес. Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Ол үшін осы жазылған мақалада төмендегідей міндеттер қарастырылды:

- бейнелеу өнер пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- бейнелеу өнері пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;
- бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- оқушылардың көркем өнерге деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу;
- бейнелеу өнері пәні бойынша бастауыш мектеп оқытушыларын эстетикалық тәрбиелеу жолдары анықтау;

Эстетикалық тәрбие біздің байқауымызда дүние жүзілік және ұлттық мәдениет салалары негізінде көркемділікке, әсемділікке, сезімталдыққа баулу жүйелерін қамтиды. Әрине бұл өте ауқымды процесс. Ол жан-жақты зерттеуді, оны жүйелі түрде меңгеруді талап етеді. Сондықтан біз өз тәжірибемізде бейнелеу өнері сабақтарында эстетикалық тәрбие беру мәселелерін қарастырып отырмыз.

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабілетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – бұл әсемдік, сұлулық, пәктік қасиеттер музыка, сурет, кескіндеме, мүсін және қолөнері өнерлері арқылы оқушылардың көркемдік танымын, сезімін тәрбиелеу. Бейнелеу өнерінің барлық түрлері графика, живопись, мүсін, сәндік – қолданбалы өнері, сәулет өнері, барлығы эстетикалық тәрбие негізі. Көркем өнер туындыларын түсініп сезіну, оның образдық мазмұнын қабылдау, өнер тілін меңгеру барлығы оқушылар эстетикалық талғамын дамытады.

Қазақ халқы ерте заманнан – ақ сұлулық пен әсемдікті тандай да, талдай да білген. Өз тұрмысы мен мәдениетінде шеберліктің небір сан – саласын, асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап, меңгеріп, біздің дәуірімізге ұштастырған.

Бейнелеу өнері сабағында тапсырманы түсіндірген кезде бейнеленіп отырған нұсқанан эстетикалық мазмұнының нақты ашылуының маңызы зор. Оның үстіне құбылыстағы, заттағы нақты әсемдікті педагог асқан сезіммен, әсерлі түрде әңгімелеп беруі тиіс. Егер мұғалім сурет салу үшін қойылым, ретінде ашық түстерге боялған заттарды қойып, оларға әдеттегі, біркелкі дауыспен талдау жасаса және қойылымның ашық жарқындығын, әсемдігін, бірегейлікпен білдіретін сөздерді таба алмаса, онда балалардың сезіміне қозғау салмайды, олар бейнеленіп отырған затқа және өз жұмысына аса ынта қоймайды.

Неше мың жылдық ұзақ тарихқа ие қазақ халқының дәстүрлі мәдениет мұралары өте мол. Оның төрт түлігін сай етіп барлығын жинап алып онан соң үлкен үлкен шығармашылық жұмыстар шығару алдағы күндердің игілікті шаруасы. Оған арнайы уақыт көп еңбек кететіні жұртқа аян. Оның үстіне қазақтың дәстүрлі мәдениет бұйымдарын зерттеудің, қазақтың жалпы дәстүрлі мәдениетін зерттеумен қатысы өте тығыз. Ол қазақ танудың әр саласымен қабысып жатады. Мысалы қазақтың астрономиялық білімдері қазақ дәрігерлігі қазақтың биологиялық, білімдері т.б. лар тегіс өз алдына бөлек бөлек зерттеуге тиісті дүниелер. Олардың сайып келгенде жалпы қазақтың телегей теңіз тарихы, ұшан теңіз ауыз әдебиеті мен көркемөнері, қасиетті халық тілі тарихы ұзақта жатқан дәстүрлі мәдениеті зерттеумен тоғысып кететіні көпке аян.

Оқушылардың көркем білімге талпынуын арттырып, қиялын шарықтатып, бойын сергітіп, әдемілік әлеміне ынтасын арттыруда бастауыш мектепте оқытылатын бейнелеу өнері пәні зор роль атқарады. Ол дүниені түсініп, көрген-білгендерін, алған ұғымын көркем образ арқылы бейнелеуге үйретеді. Төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің табысты болуы мұғалімдердің көркем талғам мен білімді игерту әдіс-тәсілдеріне байланысты. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте мұғалімдер эстетикалық тәрбиені халқымыздың озық, дәстүрлерін ескере отырып жүргізгендері жөн.

Оқушының ойы мен сезімі заттың мәнісіне терең үңілген сайын, оның жеткен шегіне, сырт көрінісіне қанағаттануға тура келеді. Ал, егер орындаған суретіне көңілі толмай одан әрі іздене түссе, ілгері қарай жетілдіре берсе, тіпті жақсы, себебі іздену үстінде жоғын табады, машықтанады. Ал, болмысты шығармашылық тұрғыдан меңгере берудің тіпті де шегі жоқ қой. Басқалардың шығармашылығынан үнемі үйреніп және қадағалап отыру оқушының өзін-өзі сезінуіне және өз еңбегіне сырт көзбен қарай білуіне көмектеседі. Сондай-ақ, оқушыны өз өнерін басқалардың суретімен салыстыра бақылап, мән-мағына туралы жалпы ұғыммен байланыстыра қарай алуы қажет. Осыған байланысты қорыта келгенде бейнелеу өнері сабақтарында ұлттық тақырыптармен жұмыс істеу арқылы оқушылар бойында қатар ұлттық көзқарас, сенім, патриоттық сезімдерін оятып эстетикалық талғам қалыптастыруға болады.

Түйін

Мақалада бейнелеу өнері сабақтарындағы тапсырмаларды ұлттық тақырыптарда орындаудың

эстетикалық және тәрбиелік маңыздылығы туралы айтылады

Резюме

В этой статье говорится об эстетической и воспитательной важности уроках изобразительного искусства при выполнении задания на национальные темы.

Summary

This article refers to the aesthetic and educational importance on the lessons of the fine arts in performing job on national topics.

Книжная иллюстрация как средство энкультурации учащихся начальной школы

Власюк В.В. – профессор живописи Каз НПУ им.Абая

Бадамбаева И. Т. - магистрантка I к., специальность 6М010700 Изо и черчение (Графика) 1,5г

Переоценить роль книжной иллюстрации в воспитании подрастающего поколения невозможно. Ведь именно с нее – с иллюстрации, с картинки в букваре – начинается Родина для многих ребят. Через иллюстрацию ученики начальной школы приобщаются к богатству родной культуры. Формируя вкусы и чувства ребенка, иллюстрации знакомят ребят с традициями, обычаями, укладом жизни своего народа, с его историей, географией, искусством, бытом.

Основное содержание энкультурации состоит в усвоении особенностей мышления и действий, моделей поведения, овладении этнокультурным опытом, специфическим для данной локально-исторической культуры [1]. Для учащихся начальной школы книжная иллюстрация выступает на первое место в качестве ресурса, обладающего огромными потенциальными возможностями в этой области. С первых классов школы для детей начинается другая важная жизнь, в которой они становятся самостоятельной, приобретают форму их представления о мире и обо всем, что его населяет, оформляются детские мечты [2]. Этот возраст психологи часто называют порой первоначального накопления [3]. Как важно, чтобы в этот момент на помощь пришла качественная иллюстрация, чтобы книжки, красивые и нарядные, с картинками, с веселыми и добрыми героями, со стихами, загадками и рассказами, стали бы для детей друзьями, помогающими узнать много нового и интересного о культуре своего народа.

Чтобы явить для ребенка «мир под переплетом» - а мы согласны с мнением, что это и есть мера истинно удавшейся книги [4] - талантливые художники и писатели, увлекательно соединяя быль с небылицей, обыкновенное с необыкновенным, облекая реальность в сказочные одежды или, напротив, населяя сказочный мир приметами реальной жизни, без дидактических нравоучений и назидательности, нескучно, исподволь учат детей уму-разуму, внушают им первые представления о добре и зле [5], понимая, что творить для детей — это большая ответственность и почетная обязанность. Иллюстрации для детской художественной и учебной литературы несут в себе ту эстетическую и нравственную культуру, от которой во многом зависит сохранение национально-этнических и культурных традиций страны. И это особенно важно в эпоху глобализации, когда стираются прежние границы, и расширение культурных контактов, общение, сближение народов грозит чрезмерно активным заимствованием чужой культуры, вплоть до потери своей собственной. Культура же для каждого народа должна быть своей, где каждый народ должен ярко выявить всю свою индивидуальность. Мы разделяем мнение, что общечеловеческая культура, одинаковая для всех народов, - невозможна. При пестром многообразии национальных характеров и психических типов такая «общечеловеческая культура» либо навязала бы всем народам формы жизни, вытекающие из национального характера какой-нибудь одной этнографической особи, либо свелась бы к удовлетворению чисто материальных потребностей при полном игнорировании потребностей духовных [6].

Знаменитый детский художник Виктор Чижиков уже сейчас бьет тревогу, по его словам, в современных сказках для детей «герои все время борются за бриллианты — даже какой-нибудь бельчонок — от горшка два вершка — и тот добывает какой-то громадный бриллиант! [7]». По мнению В.А.Чижикова, такая меркантильность сюжета очень опасна, ведь о какой культуре тогда

идет речь? В этом вопросе художника поддерживает его коллега Борис Диодоров, который настаивает на том, что «мечты не должны быть пустыми. Мечта сопутствует детству и это прекрасно. Но важно — о чем мечтать. О каком-то навороченном мобильном телефоне, о «крутой» машине или о том, чтобы помогать людям, открыть новое лекарство или новую звезду?» [8]. Поэтому необходимо уже в начальной школе заложить основы гуманизма, патриотизма и культуры у детей, развивая в них все самое лучшее. Что касается иллюстраций, в учебниках и хрестоматиях должны быть изображения родной природы, герои народных сказок, орнаменты и узоры, необходимо продемонстрировать наиболее важные традиции, красивые обряды, национальные костюмы, положительные примеры, ведь жизнь ребенка постепенно заполняется этими образами, которые ассоциируются в его голове с самим понятием родины, они формируют его сознание, его личность, пристрастия, культурное самоопределение.

В начальной школе сказки остаются любимым жанром для детей, они активно входят в школьную программу, а также в программы для внеклассного чтения. В этих сказках и сказочных повестях ребята будут находить источники вдохновения для своих игр, для дальнейших поступков, выбирать среди героев наиболее близкого по духу, с которого ребенок станет брать пример. Если для детей любимыми героями будут лишь персонажи заграничных книг, а герои отечественных сказок окажутся непопулярными, то последствия такого выбора могут быть очень серьезными. Ребенок начнет терять связь со своим народом, с его традициями и менталитетом. Впоследствии для него заграничная культура, с ее идеями, традициями, мировоззрением окажется понятнее и ближе. Необходимо, чтобы именно отечественная культура была для ребенка базовой, первичной, чтобы герои, пришедшие извне, не могли ее потеснить. Для этого нужны усилия многих людей: талантливых детских писателей, высокопрофессиональных художников-иллюстраторов. Недостаточно реализовать отдельно взятый проект, необходимо создавать для детей целый мир героев, сюжетов, историй. Нужно писать и иллюстрировать современные произведения для детей, заново или же впервые проиллюстрировать народные сказки, так, чтобы старинные герои стали живыми и понятными для подрастающего поколения.

В связи с этим возникают вопросы: какими же должны быть иллюстрации для школьников младших классов и как создаются высокие, по-настоящему удачные образцы книжной иллюстрации? О том, что иллюстрации для детских книг – серьезный труд, в котором заложено много мысли, чувства и знаний, рассказывает художник В.М.Конашевич: «ребенку нужно настоящее искусство, а не подделки под него, не бездарные суррогаты. Простое введение в рисунок национальных костюмов или орнамента в непереработанном виде дела не спасет. Поэтому сначала я должен хорошенько подумать, как я буду делать рисунки. Ведь русские сказки я буду иллюстрировать совсем не так, как китайские; а китайские — не так, как эстонские. Французские народные песенки я оформлю совсем иначе, чем английские. Недавно мне пришлось делать рисунки к китайским сказкам. Сказки были прелестные. Я люблю и, как мне казалось, знаю китайское искусство. Но этого моего знания оказалось недостаточно, ведь сказки были древние, поэтому мне надо было обратиться к старому китайскому искусству, которое совсем не похоже на наше. Китайские художники, в сущности, глубокие реалисты. И мне надо было хорошенько почувствовать эту реалистическую основу, чтобы под всеми фантазиями и выдумками была крепкая почва. Я узнал, как китайцы изображали тогда горы и деревья, какие у них в те давние времена были дома, корабли и лодки, как одевались бедные крестьяне, как помещики и чиновники, как женщины и дети. Затем в сказках я должен найти самые интересные, самые важные события, к которым я сделаю картинки. И вот только тогда я сел за стол, положил перед собой лист бумаги, взял карандаш и приступил к работе» [9].

Другой хороший художник для детей, шведский иллюстратор Свен Нурдквист, на вопрос о том, чего ни в коем случае не должно быть в детских книжках, отвечает: «не должно быть насилия, садизма и прочего, нельзя оставлять ребенка наедине с чем-то чересчур страшным, не обсудив с ребенком это страшное, не попытавшись осмыслить. Ребенок чаще всего ассоциирует себя с самым слабым. И у этого слабого всегда должна оставаться надежда, что он справится» [10]. Современные иллюстраторы и их братья-мультипликаторы нередко увлекаются, изображая отрицательных персонажей, делая их слишком устрашающими, могущественными в своем зле, что не может сказываться положительно на неокрепшей детской психике. Добро непременно должно побеждать зло, но каким предстанет перед детьми добро и каким – зло? Это вопрос, который требует от современного иллюстратора вдумчивого ответа. Кроме того, родители должны находиться в курсе того, что читают их дети, а еще лучше, вместе читать книги, говорить затем о прочитанном, ведь эффективное нравственное воспитание невозможно без обсуждения с ребенком

нравственной стороны поступков других людей, персонажей художественных произведений, выражения своего одобрения его поступков наиболее понятным для детей образом [11]. Понимание внутреннего смысла произведения, общественного значения поступков героев представляет большие трудности для ребенка. И в преодолении этих трудностей существенную роль снова начинает играть иллюстрация: для понимания наиболее трудных моментов текста ребенок должен получить возможность обратиться к наглядному изображению и проследить на нем те действия, взаимоотношения персонажей, в которых ярче обнаружится их внутренний смысл [12].

В списке качеств, необходимых для иллюстраций детской книги, едва ли не первое место часто отводят познавательной роли этих рисунков. Действительно, большинство детей имеют самое приблизительное знание об окружающем их мире, и показать этот мир входит в обязанности иллюстратора [13]. Никакой рисунок, даже самый хороший, не будет любим ребенком, если он не ответит на его вопрос, не удовлетворит его познавательного интереса. Каждый рисунок в детской книжке должен обогащать и корректировать представления ребенка и расширять его творческие возможности [14]. По словам художника-иллюстратора Владимира Алфеевского, существует два вида познавательности – более утилитарная, натуралистическая и познавательность поэтическая, самая первая, неточная и в тоже время самая главная. Маленьким читателям присуще чувство прекрасного, вызываемое у ребенка предметами, явлениями природы, произведениями искусства. Они умеют улавливать красоту в ритмичности, в гармонии красок и линий. Познание поэтической природы вещей, окружающего нас мира, приобщение детей с раннего детства к миру прекрасного – одна из многих важных задач, которые стоят перед родителями, педагогами и художниками-иллюстраторами [15].

Таким образом, иллюстрации в детской книге должны быть талантливыми, содержательными, познавательными и поэтичными, добрыми, увлекательными, пропитанными народным духом, они не должны пугать детей и должны запоминаться. Вместе с тем, иллюстрации для детей должны быть смешными, ведь дети любят все веселое и забавное: если происходит что-то смешное, этим можно поделиться и с родителями, и с одноклассниками, и с братьями-сестрами. Смех становится объединяющим и развивающим началом, он помогает снять напряжение, чувство страха, смешные картинки в книге могут заставить младших школьников быстрее воспринять понятия добра и зла, трудолюбия и лени. Ведь не даром в детской сказке немецкого писателя Джеймса Крюса «Тим Талер, или проданный смех» лейтмотивом идет английская пословица «Teach me to laugh, save my soul», что значит «Научи меня смеяться, спаси мою душу» или «Кто смеется, тот спасен» [16]. Справедливость этой пословицы подтверждает вся история юмористического журнала «Веселые картинки» - одного из самых популярных детских журналов в СССР, несколько лет назад отметившего свой полувековой юбилей. Секрет детской любви кроется в высоком профессионализме художников, карикатуристов, писателей, работавших для ребят, в понимании детских ожиданий и потребностей: стихи, ребусы, шутки и загадки, конкурсы, настольные игры и везде - веселые картинки, даже в названии. Особую ценность представляет тот факт, что главные персонажи «Веселых картинок» - не заграничные, заимствованные у других народов, а свои, придуманные отечественными художниками Карандаш, Самоделкин, Незнайка, Буратино. Выходивший в начале 1980-х тиражом более девяти с половиной миллионов экземпляров, этот журнал был рассчитан на дошкольников и школьников начальных классов [17]. Журнал «Веселые картинки» успешно решал задачу инкультурации для детей. Формулу успеха, найденную творческим коллективом журнала, могут применять современные иллюстраторы, писатели и издатели, решая теперь уже проблему энкультурации.

Нужно отметить, что в большинстве западных стран выстроена очень серьезная система господдержки детского книгопечатания. Подобные факты подтверждают серьезность и значимость проблемы энкультурации подрастающего поколения, показывают озабоченность этой проблемой западными странами. Почти в двадцати европейских странах издательствам, выпускающим книги для детей, предоставляются налоговые льготы. Министерства культуры по всему миру учреждают премии для детских писателей и спонсируют победителей. Швеция субсидирует издание книг, выбранных специальным экспертным советом, — из числа тех, что явно не окупятся. В Германии и Австрии издателям гарантирован частичный выкуп книг детскими библиотеками. Во Франции дотируется деятельность детских книжных клубов [18]. Европейцы осознают ставшую аксиомой фразу В.А.Сухомлинского: «Сегодня дети, завтра – народ».

Важнейшая на сегодняшний день задача формирования культурной компетентности или энкультурации молодого поколения должна решаться современным казахстанским обществом совместными усилиями издательств, Министерства образования и науки, художников-иллюстраторов и писателей детской книги, педагогов, преподавателей художественных ВУЗов. Перед нами стоит задача воспитания будущих граждан, обладающих высокой нравственностью, целостным миропониманием и современным научным мировоззрением, выросшим на лучших образцах национальной и мировой культуры. Необходимо нацеливание на разностороннее и эстетическое развитие детей, на формирование у них с одной стороны, чувства национальной идентификации, с другой стороны – сопричастности с мировой культурой. И книжная иллюстрация играет в этом важнейшем вопросе ведущую роль.

1. <http://ru.wikipedia.org/wiki/Инкультурация>
2. В. Алфеевский, «Об иллюстрации детских книг»
<http://lib.1september.ru/2006/12/ost2.htm>
3. <http://www.mcfr.ru/journals/91/244/23016/23025/>
4. Д. Урнов, предисловие «У полки со знаменитыми книгами» к «Приключению знаменитых книг» Д. Винтериха, М.: Книга, 1985. - 255 с.
5. Б. Диодоров, «Детство – это не возраст, а состояние души», интервью для журнала «Нескучный сад», 08.2008
<http://www.fairyroom.ru/?p=2331>
6. <http://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=451945>
7. В. А. Чижиков, «333 кота против черепашек-ниндзя»
http://www.childhoodbooks.ru/articles/chizhikov_03.htm
8. <http://www.fairyroom.ru/?p=2331>
9. http://www.childhoodbooks.ru/articles/konashevich_02.htm
10. С. Нурдквистом, интервью для журнала «Сноб.» от 07.04.2010
<http://www.fairyroom.ru/?p=4383>
11. <http://www.vashevse.ru/spravochnik/vospitanie-i-razvitie/3118-nravstvennoe-vospitanie-detei>
12. Лутович Д. С. Ознакомление детей с книжной иллюстрацией,
http://coolreferat.com/Ознакомление_детей_с_книжной_иллюстрацией_
13. <http://lib.1september.ru/2006/12/ost2.htm>
14. В. В. Лебедев, «О рисунках для детей»
http://www.childhoodbooks.ru/articles/lebedev_01.htm
15. Полевина Е. В. Иллюстрация детской книги как источник и средство эстетического развития младших школьников-читателей детских библиотек. Диссертация на соискание ученой степени к. п. н. М., 2003
16. Д. Крюс «Тим Талер, или проданный смех», М.: Правда, 1987
17. [http://ru.wikipedia.org/wiki/Весёлые_картинки_\(журнал\)](http://ru.wikipedia.org/wiki/Весёлые_картинки_(журнал))
18. <http://www.fairyroom.ru/?p=4080>

Резюме

В статье говорится о значении книжной иллюстрации как средства энкультурации учащихся начальной школы. Иллюстрация является неотъемлемой частью педагогического процесса, она знакомит ребят с традициями, обычаями, культурой своего народа.

Түйін

Бұл мақалда кітап иллюстрациясының энкультурациядың құралы бастауыш мектептің оқушыларының мәні туралы айтылады. Иллюстрация педагогикалық процесстің ажырамас бөлігі болып табылады, ол дәстүрлерімен, салттармен, жөн-жоралғылармен, өзінің халқының мәдениетімен балалар таныстырады.

Summary

This article talks of importance of book illustration as a mean of elementary school students' enculturation. Illustration is an essential part of the educational process, it introduces children to the customs, traditions and culture of their nation.

ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАБИҒИ, ТАРИХИ ДАМУ ЖОЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бакаиев Р.С.- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркем сурет факультетінің «Академиялық сурет және АПОӘ» кафедрасының аға оқытушысы

Өткенге көз салсақ, қай ғасырда да философтар, ойшылдар, педагогтар мен социологтар ұлттық өнердің пайда болу табиғатын ашуға аз көңіл бөлмеген. Атап айтқанда, олар жеке адамның өнерге, қоғамға, табиғатқа деген қатынасын қарастырды. Ал, бейнелеу өнері қоғамның, мәдениеттің, жалпы өнердің дамуына әсер ететін жандандырушы фактор, әрі өте қажетті көз болып табылады. Әр кездері қоғамда ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуына байланысты адамдардың бейнелеу өнеріне деген оң көзқарасы артып отырды.

Өнертану ғылымы саласында “ұлттық өнер” бағытының тарихи ерекшеліктерінің қалыптасуының мәні зор. Мысалы, айналадағы ортаны танып-білудегі әсерін орта ғасырдағы Шығыс ойшылдары да зерттеп, дамыта отырып қалыптастырудың мәніне назар аударған. Олар: Әбунасыр Ибн Мухаммед Әл-Фараби (870-950 ж.), Әбуғали Ибн-Сина (980-1037 ж.) т.б. жастарды ұжымда тәрбиелеп, олардың білімге, өнерге қызығушылығын қалыптастырудың жолдарын қарастырды. Орта ғасырдың ойшылы Әл-Фараби – дидактика, оқыту теориясы мен білім берудің психологиялық негізін қамтитын мәселелерге көңіл бөлді. Көрнекті философ Әбуғали Ибн-Сина жастарды тәрбиелеуде ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбиені тұтас пайдаланудың, оларды ұлттық өнер кәсібіне үйретудің маңыздылығын баса айтқан. Оның дидактикалық принциптері былайша құрылды: жастардың қабілеті мен бейімділігін ескере отырып оқытса, «... егер баланы ұжымда оқытса, ол онда зерікпей, қайта оқытып жатқан пәнге қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып кетпеуге тырысып, жарысқа түседі» - деген болатын.[1]

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне, кәсібіне, ұлттық өнеріне қатысты деректерді XIX ғасырда жазылған Ш.Уәлихановтың, А.И.Левшиннің, Ә.Диваевтың, Х.Қостанаевтың т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Ш.Уәлихановтың эстетикалық көзқарасы қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастармен тығыз байланысты болды. Өзінің зерттеу жұмыстарында ол қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне баса көңіл бөледі. Сөйтіп, өз халқының ауызекі әдебиеті, әсемдік танымы, көзқарасы арқылы эстетикалық талғамын ашуға ұмтылады.[2]

Сол секілді, қазақтың біртуар ағартушысы Ы.Алтынсарин халықтың көркем шығарма туындыларын өте жоғары бағалап, өнердегі және өмірдегі барлық әдемі нәрселердің құндылығын түсінуге тек қана білім берудің арқасында жетуімізге болады деп есептеген. Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық еңбектерінде, тек білімділікке ғана емес, мектеп мәдениетілікке де үндейді. Қазақ қыздарына арналған тұңғыш әйелдер сәнді қол өнері мектебінің ұйымдастыруы да Ы.Алтынсариннің қажырлы еңбегі болып табылады. Оның педагогикалық еңбектері эстетикалық көзқараспен тығыз байланысты. Ол: «Мектеп қазақ халқының арасында жаңаша мектеп мәдениетінде өмір сүрудің – жаңа әдет-ғұрып, тәртіп, тазалық, көпөнер мен өнердің үлгісі болуы қажет,» - деп атап көрсетті.[3] Абай Құнанбаевтың эстетикалық көзқарастарын көптеген қазақ ақын-жазушылары мен өнер зерттеушілері (М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Сильченко, А.Жұбанов, М.Қаратаев, З.Ахметов, Б.Ерзакович және т.б.) өздерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Абай өзінің педагогикалық идеялары мен эстетикалық, көркемдік тұрғысында тәрбиелеу ой-тұжырымдарын ербіте келіп, 27-ші қара сөзіне былай деп атап айтады: «Сократ пен Аристотельдің пікірлері: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік... Құлақ болмаса қаңғыр, не дүңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззат алмас едік». Осы ойды Абай қырық үшінші қара сөзінде ары қарай толықтырады. «Ол хабарлардың ұнамдысы – ұнамды қалыппен, ұнамсызы – ұнамсыз қалыппен, әрнәшік өз суретімен көңілге түседі... Жан қуатыменен адам хасия қылған өнерлері де күнде тексерсең күнде асады. Көп заманнан тексермесең, тауып алған өнердің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдерден бір басқа адам боп кеткендігін білмей қаласың».- деп [4] Абай мұнда адамның көркемдік шығармашылығының негізінде эстетикалық сезімді жатқызады. Абай өзінің шығармаларында эстетикалық түсініктерге, әсемдік, сұлулық, талғам және т.б. эстетикалық категорияларға арнайы талдау жасамағанымен оның өлеңдерінде осы түсініктерді қамтитын мазмұнды шумақтар аз емес.

XX ғасырдың басындағы төңкерістен кейінгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта қазақ зерттеушілері тарапынан ұлттық өнерге байланысты тарихи-этнографиялық, өнертану, мәдениеттану тұрғысынан жазылған еңбектер де аз емес. Атап айтқанда, энциклопедист ғалым Ә.Х.Марғұлан, Ә.А.Масанов, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева, Т.Бәсенов, С.Мұқанов, М.С.Мұқанов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, Н.А.Оразбаева, Б.Сарыбаев, Д.Шокпарұлы, Ж.Бабалықов, А.Сейдімбеков, О.Бейсенбекұлы, М.Нығмет, Б.Кәмалашұлы, А.Нәлібаев, Қ.Ахметжановтың т.б. еңбектерінен этностың рухани – материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады. Дегенмен, солардың ішіндегі елеулісі Ә.Х.Марғұлан, М.С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, Қ.С.Ахметжановтың еңбектері болып табылады.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті, ұлттық өнері жөнінде жазылған жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінде айтылған ой-пікірлер, деректер, қарастырылған мәселелер осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Зерттеуші халқымыздың әр дәуірдегі материалдық және рухани мұрасын өз бойына сақтаған этномәдениеттің әр түрлі қырларын (тарихи-әдеби, этнографиялық, археологиялық, өнертану, мәдениеттану т.б.) зерттеу жұмыстарының Ш.Уәлиханов жазбаларынан басталып, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Қайдаров, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаров, Е.Жанпейісов, Х.Арғынбаев, К.Байпақов, К.Ақышев, А.Сейдімбеков, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, Н.Уәлиев, Т.Байжанов т.б. еңбектерінде өз жалғасын тауып, жан-жақты қарастырылған.

Қазақтың арғы ата-тектерінің бірі – сақ мәдениетінің негізгі арқауы жануарлар стилі екендігі ғылымда әлдеқашан дәлелденген. Олардың пайда болу себептерінің құпиясы әлі толық ашылып біте қойған жоқ, алайда бұл стильдің тотемдік-магиялық таным-түсініктерден шығатыны даусыз. Жануарлар стилі әшекей заттармен шектеліп қалмай, негізінен әр адамның әлеуметтік орнының символы түрінде де орын алып, қоғамдық иерархиялық сатыға тығыз байланысты болды. Сондықтан да олар басқа мәдени ортада түсінік таппай, өздерінің танбалық, мағыналық акпарат белгілерінен айырылып қалған. Мәселен Есік қорғанынан табылған алтын адамға байланысты мәдени ескерткіштерде жануар және өсімдік бейнелері қабаттаса сақталған. Сақ өнеріндегі жануарлар стилі тіршілікті динамикалық түрде бейнелейді. Онда арыстан секірейін деп тұрады, бұғының қозғалысынан серпіліс байқалса, ат шабысы әлемдік үйлесімге ұқсайды. Адамды және құдайды аң кейпінде суреттеу өнері - зооморфтық өнер - табиғат пен мәдениеттің етене байланысының куәсі.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті осы өлкені мекендеген ертедегі көшпелі тайпалар мәдениеті мен орта ғасырларда өркендеп, отырықшы және қалалық мәдениеттің дәстүрлерін жалғастыру негізінде қалыптасты. Археологиялық, тарихи зерттеулердің нәтижелері XV ғасырдан кейін Қазақстан жерінде қалалар құлдырап кетті деген пікірді өзгертіп отыр. Қазақстанның әр түрлі аймағында құрылыс-сәулет өнерінің жоғары деңгейде болғанынан XV-XVIII ғасырлардағы Яссы (Түркістан), Сауран, Отырар, Сығанақ, Сайрам секілді қалалар мен Орталық Қазақстандағы Алашахан, Домбауыл, Жошыхан ғибадатханалары және Оңтүстік Қазақстан мен Маңғыстаудағы сәулет ескерткіштері куә бола алады. Мұндай сәулет ескерткіштері – халықтық мәдениеттің озық үлгілері. Онда жарасымдылық, үйлесімдік пен тұтастықтың қайталанбас нұсқалары сақталған. Ислам дінінің әсеріне қарамастан (онда тірі жанды суретке түсіруге тыйым салынған) сақтардың жануарлар стилінен басталатын ою-өрнектеріндегі жануарлар мен аң-құстардың – тіршілік иелерінің нобайы жоғалып кетпей, халық көңілінде сақталып, бүгінгі күнге келіп жетті.

Қазақ ұлттық өнерінің бірнеше саласы бар. Атап айтқанда олар: үйшілік өнері, ағаш ұсталығы, балташылық өнері, темір ұсталығы, қырғышылық, жиһаз жасау өнері, ершілік өнері, өрімшілік өнері, зергерлік өнері, тері өңдеушілік, ысшылық өнері, етікшілік өнері, сүйек пен мүйіз ұқсату өнері, тігіншілік өнері, ою-өрнек өнері, тас өңдеу-тамшылық өнері, құрылыс-сәулет өнері, кілемшілік өнері, кестешілік өнері, бояушылық өнері, ши тоқу, киіз басу өнері. Бұдан басқа осы қолөнері түрлерінің кейбіреулері өз ішінде сараланып, арбашы, сандықшы, керегеші, уықшы, шаңырақшы, тоқымашы, түр салушы, көнші, қамшыгер, домбырашы, пішуші, бөрікші т.б. кәсіп-өнер атаулары пайда болған.

Сол кездері ұлттық мәдениет пен өнердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен факторлардың бірі – географиялық орта, басқаша айтқанда, табиғат немесе қоршаған орта. Зерттеушілер табиғат пен адамның байланысынан этностың өмір салты мен ұлттық психологиялық ерекшелігі де қалыптасатынын анықтайды. Қоршаған ортаның адамға, одан ұлтқа қалай әсер ететінін олардың түр-келбеті, бет пішінінің құрылысы, шашының түсі, көзінің ерекшеліктерінен, сонымен бірге олардың тұратын үйінен, киімінен, еңбек құралдарынан, тамағынан т.б. көруге болатындығы

көптеген зерттеулерден мәлім. Мұндай ерекшеліктер сол ұлттың рухани мәдениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

Әр түрлі табиғат аймақтарында тұратына адамдар, өзі тұрған жердің табиғатына икемделіп, сол аймаққа лайықты шаруашылықпен, кәсіппен айналысады да, осы негізгі ата кәсіп – шаруашылық түрі олардың мекен-жайына, киім үлгісіне, тамағына т.б. әсер етеді. Адамдардың табиғатқа икемделуі материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне әсер етеді. Осының нәтижесінде әр ұлттың өзіне лайық менталитеті, өзіне тән ұлттық тәрбиесі, мәдениеті, әлеуметтік қатынастар, еңбектің түрлері, оған байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер т.б. қалыптасады. Мәселен, қазақ халқы көшпелі өмір салтын XX ғасырға дейін басынан өткізді. Өйткені қазақтар үшін тіршілік көзі өзі ғұмыр кешкен кең даламен тамырлас болды. Қазақ даласының табиғи-географиялық бітімі ерте кезден-ақ үш түрлі шаруашылық-мәдени аймақтың саралануына ықпал еткен. Олар мыналар. 1) Батыс және Орталық Қазақстанның қуаң даласы; 2) Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Шығыс аймағы; 3) Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Шу, Талас, Келес, Арыс өзендерінің құнарлы алқаптары.

Осындай географиялық ортаға байланысты қазақтардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы және сулы жерлерде егін шаруашылығы болды. Бұл туралы мәдениеттанушы А.Сейдімбек “...технократтық өмір салт бел алғанға дейін бұл далада игілік атаулыны тек қана малдың тұяғымен жасауға болатын еді. Қысы қатты, жазы ыстық байтақ дала, суы тұщы, шөбі шүйгін иен дала, тек малдың тісіне ере білсең ғана құт мекен болған. Күн көрістің басқа жолын таңдау тылсым табиғатқа адамдардың кіріптар қалпында қалумен пара-пар болды. Көне заманның өзінде-ақ бұл далада отырықшы елді мекендер болған, егін егіп, металл өндіру де таңсық емес еді, алайда, металл өндіру, егіс егу күнкөрістің негізгі тірегі болмағандықтан, мұндай әрекеттің аужайы тірлік емес, тырбаныс сияқты болатын. Көкжиекке сұғына жол шегіп, оң-солын тани бастаған ұрпақ көшпелі ғұмырға біржола ден қойды. Сөйтіп, Ұлы Дала көшпелілердің тіршілік тірегі ғана емес, рухани әлеміне де айналды”, - деп жазады. [1, 78].

Ұлттық өнердің шығу тарихы, оның дамып қалыптасуы көне замандағы өмір сүру қажетін қамтамасыз еткен аңшылық, малшылық, егіншілік кәсіптерінің шығуымен тығыз байланысты. Қолөнері ежелгі заманда түрлі шаруашылық түрлеріне құрал-сайман, мал өнімдері мен жабайы аңдар терілерінен, өсімдіктерден, тастар мен металдан сан алуан тұрмыстық бұйымдар жасаудан бастап шығармашылықты қажет ететін зергерлік, үйшілік т.б. осы тәрізді нағыз өнер түріне айналғанға дейін ұзақ даму жолынан өтті. Ұлттық өнерінің қай саласында болмасын өнім өндіруге қазақ жерінің табиғи байлықтары пайдаланылды. Өнім өндіру барысында табиғи құбылыстар мен жергілікті жердің табиғат жағдайы, уақыт, маусым, адамдардың тұрмыс күйі, әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы орны т.б. мұқият ескеріліп отырды. Соның нәтижесінде шындық болмыс, ғалам, дүние туралы, қоғам туралы білімдер жиынтығы, тәжірибе жиынтығы пайда болды.

Ұлттық өнері рухани мәдениетпен тығыз байланысты. Қазақтың салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, тыйымдары, ырымдары рухани мәдениетімізді бейнелейтін болса, олардың күнделікті тұрмыста қолөнер бұйымдарына, материалдық мәдениетке қатысты тұстары аз емес. Наным-сенімдер, тыйымдар және “салт-дәстүрлер жай қолданбалы нәрсе емес, я науқандық, мерекелік көрнекі құрал емес. Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Ал осындай рухани дүниесі, сонымен сабақтас қалыптасқан материалдық дүниесі мен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасқан жалпыхалықтық құбылыс. [2, 5].

Ұлттық өнер бұйымдары тұрмыстық, шаруашылық, әскери т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге қоғамның әлеуметтік жіктелісін көрсететін, реттеушілік яки эстетикалық т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен тыйымдар жас ұрпақтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, еңбекке, адамгершілікке, өскен ортасын, отанын сүйуге, тазалыққа, төзімділікке т.б. тәрбиелеу қызметін атқарған.

Қазақ ұлттық өнері Қазақстан жерін мекендеген ертедегі көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы тайпалардың аңшылық, малшылық, егіншілік, саятшылық кәсіптерінің шығып-дамуы, өзара қарым-қатынасы негізінде пайда болып, даму барысында шығармашылықты қажет ететін, өз ішінде түрлі салаларға бөлінетін кәсіп, өнер түріне айналған.

Ұлттық өнер түрлері – қазақ топырағында дүниеге келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған нағыз қазақы, байырғы өнер. Халық арасынан шыққан шеберлер өз жеріміздің табиғи байлығын өңдеуді игеріп, оларды тиімді пайдалана отырып теріден, ағаштан, сүйектен, мүйізден, тас пен

құмнан, саздан, темірден шаруашылық және тұрмыстық құрал-жабдықтарын, сонымен бірге оларды асыл тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлеуді және асыл металдар мен тастардың өзінен зергерлік әшекейлер жасауды жоғары дәрежеде меңгеріп, көпшіліктің сұранысын, шаруашылық, тұрмыстық қажетін қанағаттандырып отырған. Өнер иелері тапсырыспен жұмыс істеген. Сондықтан алыс шетелдерден әкелінген заттар күнделікті тұрмыста сирек кездескен.

Қазақ ұлттық өнері мен мәдениеті ежелгі замандардан Қазақстан жерін мекендеген, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, кәсіп түрлері мен олардың даму деңгейін сипаттайды. Қазақ ұлттық өнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Мысал ретінде солардың кейбіреулерінің даму тарихына тоқталып өтпекпіз.

Археологиялық деректер бойынша адамзат баласының ең алғашқы құрал-саймандары тастан жасалған. Ғылымда “тас дәуірі” дейтін шартты атаудың пайда болуы осы көне замандағы тас құралдарға байланысты. Тас дәуірінде тастан құрал, қару-жарақ жасау адам қоғамындағы ірі жаңалық болды. Тас дәуірінің өзінде мал өсірумен егін егу бір-бірімен байланысты болған. Шығыс Қазақстан аймағынан табылған орақтар, егіншілік мәдениетінің болғанын айғақтаумен бірге қолөнерінің де ежелгі даму сатысынан хабар береді. [3, 115].

Ұлттық өнердің әрбір саласының өзіндік қалыптасу ерекшеліктері, даму тарихы бар. Мәселен, ең ежелгі кәсіптердің бірі аңшылық кәсібі болған десек, киім-кешек дайындау ісінің дамуы осы кәсіпке байланысты болды. Ауланған аңдардың етін ғана пайдаланып қоймай, терісінен киім-кешек әзірлеп, сүйектері мен мүйіздерінен ұсақ-түйек бұйымдар жасау қалыптаса бастайды. келі-келсаптар мен түйгіштер онда Адамдардың талғамына орай қасқыр, түлкі, бұлғын, сусар секілді аңдардың асыл терілерінен киім кию дағдысы да тұрмыс салтына енеді. Аңшылық кәсібінің қанат жаюы негізінде жабайы аңдарды қолға үйрету әдісі өрістейді. Бұл істе әйелдердің еңбегі өте зор болады. Өйткені жабайы аңдарды қолға үйрету тәсілін алғаш жүзеге асырған әйелдер еді. Бұл әдіс дами келе бірте-бірте аңдардың ғана емес, құстардың да қырағы, алғыр түрлерін қолға ұстап, баптауға көндірілген. Бұл әдіс аңшылық әрекетінің салтында жаңа бір өзгеше сипатты қалыптастырады. Сол қыран құстардың жәрдемімен қасқыр, түлкі сияқты аңдарды аулайтын болады. [4, 61].

Ұлттық өнерімен айналысатын адамдардың жыныстық (гендерлік) белгісіне қарай ер адамдар айналысатын (еркектерге тән іс) және әйелдер айналысатын (әйелдерге тән іс) қолөнері деп бөлінеді. Мысалы, ағаш, тас, балшық, сүйек, мүйіз, металл, теріні өңдеп, солардан түрлі бұйымдар жасаумен ер адамдар айналысты. Ал өрмек тоқу, ши орау, кесте тігу, сырмақ сыру, оюлау, киім тігу сияқты жұмыстарды әйелдер атқарды. Бірақ қазақ тұрмысында мұндай еңбек бөлінісі әрдайым қатаң сақталып отырған жоқ. Айталық, ер адамдар киім тігу, киім пішу, арқан есу, тері ыстау т.б. жұмыстарынан шет қалған жоқ. Сол сияқты зергерлікпен, негізінде, ер адамдар айналысқанымен, сирек болса да әйелдер арасынан шыққан зергерлер де болған. Көбінесе зергерлік өнерімен зергердің әйелдері айналысқан. Егер зергер дүниеден қайтып, оның жолын қуатын ер баласы болмаса, оның қызметін әйелі атқаратын болған. Тігіншілікпен әйелдер де, еркектер де айналысқан. Киіз басу, тері илеу, ши тартуды т.б. еркектер мен әйелдер бірлесіп істеген болатын.

Қорыта келе, қазақ халқының болашағы - қазақ жастарының тәрбиесінің ұлттық болуын, жанының, ділінің, тілінің тазалығын, жалпы оның білім мазмұнының ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен бірлікте болуын қалап, "ұлттық өнер", "ұлттық рухани мәдениет", "ұлттық сана-сезім", "ұлттық мінез-құлық", "ұлттық қайрат-жігер" арқылы дамыту қажет. Ұлттық өнерді өз дәрежесінде игере білудің маңызы болашақ ұрпақты өзіне ғана тән ұлттық өнер сипатын сақтап қалуға негіз болатындығы сөзсіз. "Өз ұлттық өнерін, мәдениетін, тілін, дінін, ескерткіштерін сақтай білмеген елдің ұлттық танымы мен сана сезімі күнгірт тартады. Ондай халық ерік-күші жағынан да, рухани жағынан да әлжуаз болады. Сыртқы күштердің әсер ықпалына талғаммен қарай алмайды, оп-оңай жетегіне еріп жүре береді. Ұлт үшін қасіреттің зоры - белгілі-бір кезеңде ғұмыр кешкен ұрпақтың тоқмейілсуі, өзі өсіп-өнген тамырдан кіндігін үзуі, ғасырлар бойы тырнақтап жинаған ұлттық өнер мен рухани тәжірибеге сырт беруі" болып табылады..

Сондықтан да, болашақ суретші-ұстаздарға ұлттық бейнелеу өнері бойынша білім мен эстетикалық тәрбие берудің алатын орны ерекше. Өйткені халқымыздың өнерін, мәдениетін, салт-дәстүрін жалғастырушы осы келешек жастардың білімі мен тәрбиесіне, мәдениетіне тікелей байланысты. Бүгінде кең өріс ала бастаған білім беруді ізгілендіру бағыты, ең алдымен, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықты бағалауға баса назар аударуды қажет етеді. Бұл орайда бейнелеу өнері пәні өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Маңайындағы әдемі әсемдікті көре алмайды, өзінің ой елегінен өткізе

алмаса, ол ештеңені түсінбейді. Неліктен кейбір жастардан маңайдағы әдемі заттарды сындырып, бүлдіріп кететінін байқаймыз, ол эстетикалық түсінігінің таяздығы және дұрыс қалыптаспағаны деп білеміз. Басына қиын іс түскенде ол адам әрқашан сасқалақтап, қандай шешім қабылдағанын білмей дал болады. Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет.

1. Әлемдік философиялық мұра (мәтін). Жиырма томдық. 4Т.: Әл – Фараби мен Ибн Сина философиясы. А.: [Жазушы](#), 2005-568 Б.
2. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар жинағы. А: Алма-Ата, 1999.- 1- том.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары А: 1994 - 288 Б., Уәлиханов Ш. Таңдамалы. А: 2-басылым, 1985- 560 Б.
4. Ұлттық энциклопедия, Алматы, 2002ж., 581-583беттер.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы национального изобразительного искусства. А так же историческое развития и природное различие национального изобразительного искусства казахов.

Түйін

Аталған мақалада автор ұлттық бейнелеу өнерінің табиғи, тарихи даму ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен қатар ұлттық бейнелеу өнерінің кейбір көкейкесті мәселелеріне терең талдаулар жасалған.

Summary

In dannoj stat'e rassmatrivaetsâ izobrazitel'nogo ikusstva national publication. And so the same istoričeskoe for development and prirodnoe različie national izobrazitel'nogo ikusstva kaz.

Хаткерлік мәдениетінің көркем-эстетикалық сипаты

Асембайұлы Ерлан- филос.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-ң «Академиялық сурет және АПОӘ» кафедрасының доценті

Түрк эпиграфикасы (түрк рунологиясы) - ежелгі түрік жазбаларын оның тілімен, хаткерлігімен, ежелгі түркілердің қоғамдық қатынасымен және қоғамдық санасымен бірге қарастыратын ғылым. Әлі де болса толық зерттелмей келе жатқан түркі хаткерлігі сол кезеңдегі халқымыз кеңінен пайдаланған түрік руникалық алфавитінің пайда болуы мен қалыптасуынан басталады.

Түрк рунологиясы - тарих, археология, этнография, лингвистика, эпиграфика және палеографияны (кең мағынасында алғанда хаткерлік эволюциясы жөніндегі ғылым) қамтитын кешенді пән.

Графикалық лингвистика - хаткерлікті, жазба белгілері мен хаткерлік тілін зерттейтін тілтану саласындағы жаңа ғылым. Графикалық лингвистика жалпы хаткерлік ғылымы болғандықтан оған эпиграфика, палеография, графика, орфография, графемика кіреді. Графемика теориясында тілдің графикалық және фонетико-фонологиялық қатынас заңдылықтары байқалады. Онда хаткерлік жүйесіндегі ежелгі алфавиттік үлгілер сақталған жазба ескерткіштердің графикалық белгілерін тану мәселесі көңіл аудартарлық жағдай болып есептеледі. Графемиканың палеографиядан айырмашылығы ол графикалық жүйе мен графемді-фонемдік үндестік арасындағы байланысты ескере бермейді.

Хаткерлік орыс тілінде – "письмо", "письменность". Ғалымдар екеуін көпшілік жағдайда ажыратпайды. "Письмо" графикалық белгімен, ал "письменность" жазба мәтінмен және жазу мәдениетімен байланысты болса [1, 3 б.] біздің жағдайымызда ол екеуін хаткерлік термині

біріктіреді.

Хаткерлік жазба мәтіндер мен жазба мәдениетінде орындалған шығармалар жиынтығының құрылымдық, оқылу, сақталу және қайтадан шығарылу нормаларының жүйесін құрайды.

Тарихи хаткерлік шығармалар екіге бөлінеді: бірі - жазу (ескерткіш бетіне жазылған мәтіндер), екіншісі - қолжазба.

Жазу - арнайы жазба материалдарымен бұйым не басқа да нәрселердің бетіне орындалған мәтін. Ол тас не ағаш тақтаның бетіне, мәден пластинаға, ақшаға, медальға, ғимарат қабырғаларына, діни мәні бар заттарға, жиһазға, қару жараққа, т.т. жазылған жазу болуы мүмкін. Жазудың мазмұны нәрсенің маңызын, пайдалану бағытын анықтайды. Қожа Ахмет Иассауи қабырғаларындағы эпиграфиялық жазулар осындай.

Жалпы мұсылман мешітіндегі жазулар оның семиотикалық мәнімен тікелей байланысты. Мысалы, әлбетте, мешіттің тіктік құрылымы үш рәміздік зонаға бөлінеді. Оның астыңғы бөлігі төртбұрыш болып келуі әлемнің төртбұрышын білдіруіне байланысты. Ал күмбез аспан дүниесімен, Көкпен, ғарышпен байланыстырушы дүние. Осы жоғарғы дүние мен адамдар кеңістігін жалғастыратын дәнекер - сәулеттік құрылыстағы маңызды бөлімдердің бірі - мойындық (орысша әдебиеттерде - барабан) болып табылады. Міне, мұсылман хаткерлік мәдениетіндегі қасиетті жазба осы адамдар мен Алланың арасындағы дәнекер бойына жазылуы тегін емес.

Оған тағы бір дәлел. Біз жаңа ғана мешіттің тіктік бойын талдадық. Енді ондағы көлбеу бөлімдерді талдайтын болсақ, келесі қасиетті жазу есіктің кіре берісіндегі маңдайшаға жазылады. Ол - сыртқы пенде дүниеден мен ішкі қасиетті дүниеге енетін жердегі мазмұндық белгі. Яғни бұл жерде хаткерлік ішкі мен сыртқы дүниені, материалды дүние мен рухани дүниені ажыратушы және біріктіруші дәнекер қызметін атқарып тұр.

Мешіттің көлбеу құрылымындағы қасиетті болып табылатын орталық кіре беріс пен оның михрабы араб жазба графикалық бейнелерімен көркемделеді. Михраб құбылаға қарайды, сондықтан ол қасиетті. Ал мешіттің кіре берісіндегі есігі - сыртқы пенделік дүние мен ішкі қасиет дарыған дүниені бөліп тұрған шекара. Сондықтан да осы қасиетті шекараны аттап кіргенде мұсылман тек қана оң аяқпен кіруге тиіс. Сол аяқпен кіруге тиым салынады. Ал кіргеннен кейін Аллаға құлшылық еткен адамның бүкіл назары құбыла жақта орналасқан михрабқа қарайды. Міне сондықтан да араб хаткерлігі өзінің қасиетті сипатына байланысты сәулеттік формаларға мағыналық бағыт және тұтастық береді.

Қазіргі кезеңде жазу кітапқа жазылған сыйлық, автограф, дүкен маңдайшасындағы жарнама, тауарға жазылған қосымша түсініктеме, т.т. ретінде көрінуі мүмкін.

Ескерткіштердегі тарихи жазулармен эпиграфика, тиындарға, ақшаларға салынған жазулармен нумизматика, медальдағы жазулармен *сфрагистика* шұғылданады.

Қолжазбалар - жазуға арналған материал бетіне қаламұш секілді құралмен жазылған мәтін. Қолжазбалар құжат, шығарма және эпистол (хат, хабар, құснихат, сұңғат) болып бөлінеді.

Қолжазба да каллиграфия мәдениетімен байланысты деп айтуға болады.

Философия хаткерлік мәдениеті мен ауызекі және жазба әдебиетінде ерекше орын алады.

Қазақ халқы өзінің бай рухани қазынасын өзінің ауыз әдебиетінде жинақтады. Шешендік өнерді жоғары бағалаған халық Бөліткірлік ділмардың мынадай сөзі бар:

Сөзден тәтті нәрсе жоқ,
Сөзден ащы нәрсе жоқ,
Сөзден жеңіл нәрсе жоқ,
Сөзден ауыр нәрсе жоқ.
Не сөйлейтініңді біл,
Кімге сөйлейтініңді біл,
Қай кезде сөйлейтініңді біл,
Қалай сөйлейтініңді біл.

Халқымыздың бай рухани мұрасы қазақтың ертедегі философиялық ойлау элементтерінен бастап қазіргі заманғы толыққан философиялық теориясына дейінгі жүйені түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы мол орын алады [2, 18 б.].

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер - бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жоғарылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық, саяси, мәдени, сайып келгенде философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар - анайы реализм, білімнің негізгі жақтары, еркін ойлау, теистік және атеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы

күресу, хұқтың саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні, тағы басқалар еді.

Осы аталған көзқарастар сыңаржақтылыққа, консерватизмге, тоқыраушылыққа және білімсіздікке, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да кемістіктерге қарсы бағытталды. Бұны да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшелігі деп атап айтуға болады" [3, 9 б.].

Ал, белгілі философ М.С. Орынбеков: "Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі (халықтың рухани бастауларына зор көңіл аудару) 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді. Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап діни сенімінде, Тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық зәру мәселе ретінде көшпелілердің (ғұндар), малшы-егіншілердің және отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара-қатынасы шығады... Бұның өзі көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі" [4, 16 б.], - деп тұжырымдай келіп, ұлы даладағы түрлі наным-сенімдер мен зораастризмнен бастап христиан, одан буддизм тармақтары секілді діни көзқарастардың көрініс табуын ондағы синкретизм мен әртүрлілікті ой елегінен өткізуге алып келгендігін айтады. Ғалымның тұжырымдауынша синтез және жалпылау ой-өрісіне руникалық жазудың пайда болуы жақсы мысал бола алады екен.

Қазақ философиясының сүйегін сомдауға мықты негіз боларлық қорқыт бабамыздың өлімді қобыз сарынымен қайтару идеясын ғалым Ә. Нысанбаев дәл осындай философиялық терең тұжырым Шығыс тұрмақ Батыста болып көрмеген дейді [5, 3 б.].

Шығыстағы екінші ұстаз аталған әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Х.А. Иассауи бабаларымыздың жазып қалдырған мұрасы түрлі философиялық ізденіс көздеріне айнала алады.

Аталық, Сыпыра Жырау, қодан Тайша, Асан-Қайғы, Қазтуған қазақ хандығының қалыптасуы тұсындағы айтқан ойлары мен одан кейінгі Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет жырлары қазір де қазақ халқының ұлттық ділінің негізін құрайды десек қате болмас.

"Ақтабан-шұбырынды жұрттың алдына мемлекеттік философия мәселесін, сана мен билік арақатынасын, қолданбалы философия мәселесін тура қойды. Бұл Бұхар жыраудың көсемдік жырларына, Ақтамбердінің эпикасына, Төле бидің, Әйтеке би мен Қаздауысты Қазыбектің шешендік философиялық талғамдарына негіз болды. Бұл сарындар Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Шөже, Жанақ, Кемпірбай шығармаларында, туындыларында және "Қармыс батыр", "Балуан Нияз", "Бекет-батыр", "Айман-Шолпан" поэмаларында көрініс тапты.

Антикалық философтардың хаткерлігінен бізге жеткені көп емес. Олар жоғалып кетті. Жеткені, негізінен, олардың айтқан нақыл сөздері. Олардың құны біз үшін өте жоғары.

